



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

// 24 ЖЕЛТОҚСАН 2020 ЖЫЛ

ПАРЛАМЕНТ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІН БОЛМАҚ



Парламент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдады.

БЕКЕТ КӨКЕНАЙҰЛЫ

Заң жобасы пандемия кезеңінде зардап шеккен экономика салаларын ынталандыруға мүмкіндік береді, атап айтқанда, халық пен бизнесті қолдаудың нақты шараларын көздейді.

23 желтоқсандағы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары заң жобасына Сенат енгізген толықтырулармен келісті. Айта кетейік, 21 желтоқсан күні Сенаттың жалпы отырысында аталған құжат екі оқылымда қаралды. Жобаны талқылау барысында жоғарғы палата спикері Мәулен

Әшімбаев: «Мемлекет басшысының тапсырмасымен азаматтардың өз зейнетақы жинағының бір бөлігін басына алуға және есделуге жұмсауы үшін қолдану құқығы белгіленеді. Сондай-ақ кәсіпкерлерге өзі бірлесіп жұмыс істейтін тараптың жағдайын анықтауға және іс-әрекетінің түсуіне азайтуға мүмкіндік беретін бизнес-серіктестердің тізілімін дайындау қарастырылған», — деп атап өтті.

Заң жобасымен жұмыс барысында Сенат комитеттерінің бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады. Құжатты талқылау барысында нақтылаушы сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек болғаны атап өтілді. Осы орайда ішкі қарама-қайшылықты болдырмау және заң жобасының нормаларын қолданысқа енгізу ескерілген. «Заң жобасы қабылданса, халықтың баспанаман

қамту, білім алу салалары бойынша әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып кететіндігіне сенімдіміз», — деп сенат депутаты Еділ Мамытбеков.

Жоғарғы палатадағы талқылау барысында заң жобасы сенаторлардың түзетулерімен Мәжіліске қайтарылды. «Сенат енгізген түзетулер нақтылау сипатына ие және Мәжіліс мақұлдаған заң жобасының тұжырымдамасы мен мазмұнын өзгертпейді. Сондықтан

Мәжілістің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына Сенат енгізген толықтыруларға келісім білдіруді ұсынады», — деді Мәжіліс депутаты Сәкен Өтебаев.

Құжат аясында Мемлекет басшысының тапсырмасымен азаматтардың өз зейнетақы жинағының бір бөлігін басына алуға және есделуге жұмсауы үшін қолдану құқығы белгіленді. Заң жобасы микроқаржы ұйымдары мен басшыларына қойылатын талаптарды арттыруды да көздейді. Бұл қарыз алушылардың мүдделерін қорғауға және қаржы нарығында тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР		Last	%Δ1D	%Δ1M
Risers				
KZAP	23.12.20 12:09	26 000,00	+0,78	+1,17
HSBK	23.12.20 12:09	118,87	+0,31	-2,57
KZTO	23.12.20 12:08	914,85	+0,09	+5,52
Индекс KASE	23.12.20 11:55	2 608,42	+0,35	+1,40

АҚША НАРЫҒЫ		Last	%Δ1D	%Δ1M
Symbol				
MM Index	15.09.20 09:00	8,28	-0,04	-0,73
TONIA	16.09.20 10:49	8,47	+0,15	-0,60
SWAP-1D (USD)	14.09.20 15:06	7,90	0	+0,19
TWINA	15.09.20 12:55	8,65	+0,06	+0,21
SWAP-2D (USD)	15.09.20 15:06	8,00	0	+0,70

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
CCBNb24	-	-
EUBNb12	-	-
DNBNb1	-	-
DNBNb2	-	-
DNBNb3	-	-
CCBNb6	-	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
NTK112_0904	3.19	-
NTK364_0903	2.70	-
NTK154_0902	4.95	-
NTK322_0901	2.25	-
NTK119_0900	4.50	-
NTK280_0899	2.52	-

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекс		
KASE	2 464.25	-0.34%
FTSE 100	6 453.16	0.57%
CAC 40	5 466.86	1.36%
S&P 500	3 687.26	1.57%
Dow Jones	30 015.51	0.67%
Nikkei 225	26 539.00	1.00%
DAX	13 418.11	1.30%
Nasdaq	12 807.92	0.51%

Тауарлар		
Мұнай	49.29	-1.60%
Алтын	1 958.70	0.07%
Платина	947.00	1.94%
Палладий	2 3267.00	0.48%
Никель	16 612.50	-0.61%
Табиги газ	2 776	0.18%
Күміс	25.385	-0.59%

Валюта нарықтары		
USDKZT	421.590	0.28%
EURKZT	515.42	0.48%
USD RUB	75.8958	0.00%
USD JPN	28.4245	0.09%
USD BAH	2.5774	0.19%
EUR USD	1.2187	0.21%
GBP USD	1.3403	0.32%

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Үш жылға даму бағдары белгіленді

Таяуда Ақтөбе облыстық мәжілісінің кезекті қырық жетінші сессиясының жалпы отырысы болып өтті. №11 Абай сайлау округінен депутат Ахат Айтжановтың төрағалығымен өткен сессия жұмысына облыс әкімі Оңдасын Оразалин, облыстық мәжілістің хатшысы Сәния Қалдығұлова, сондай-ақ депутаттар мен қоғамдық кеңес мүшелері, облыстық басқармалар мен департаменттердің басшылары, Ақтөбе қаласы және аудандардың мәжіліс хатшылары қатысты.

ИСА ҚАМБАР

Бұл сессияның күні төртбөлімде қаралған маңызды мәселелердің бірі – 2021–2023 жылдарға арналған облыстық бюджет. Бұл жайында облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Гүлжасима Сүйінтаева баяндады. Оның айтуынша, 2021–2023 жылдарға арналған облыстық бюджет 845,1 млрд теңгені құрайды. Нақтырақ айтсақ, 2021 жылға – 335,6 млрд теңге, 2022 жылға – 254,2 млрд теңге, 2023

жылға – 255,3 млрд теңге жоспарланған. Басқарма басшысы өз баяндамасында әрбір саланы дамытуға қарастырылған қаражаттың қандай мақсатқа жұмсалатынына жеке-жеке тоқталып өтті. Белгілі болғандай, білім беру саласын дамытуға шамамен 142,4 млрд теңге қарастырылған. Оның 34,4 млрд теңгесі облыстық бюджеттен, сондай-ақ аудандар мен Ақтөбе қаласынан кері трансфертер 64,6 млрд теңгені құрайды. Облыс азаматтарын әлеуметтік қамтамасыз етуге және әлеуметтік көмек көрсетуге 10,3 млрд теңге қарастыру көзделген. Дене шынықтыру және спорт саласын дамытуға – 7,5 млрд теңге, денсаулық сақтау саласына – 5,9 млрд теңге, кәсіпкерлік саласын дамытуға – 5,6 млрд теңге, ауыл шаруашылығы, ветеринария және табиғи ресурстарды дамытуға – 20,5 млрд теңге көзделсе, мәдениет саласы үшін 2,9 млрд теңгенден астам қаражат қарастырылып отыр. Сессия жұмысы кезінде аталған мәселе бойынша облыстық мәжілістің бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіп-

керлік жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары Алуахан Төлегенова қорытынды жасады. Оның айтуынша, бүгінде негізгі реформа өңірлерді дамыту шеңберінде жүзеге асырылып, ауылдық елді мекендерді қолдау жөніндегі бағдарламалар қабылданып жатыр, жаңа жұмыс орындары құрылып, әлеуметтік мәселелер шешілуде. Бюджеттің сапалы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар басшыларының назарын бюджет қаражатын бақылау, тиімді жоспарлау және пайдалану мәселелеріне аудару қажет. Сессияның жалпы отырысында депутаттар бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Оның ішінде ауылдық елді мекен тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, білім беру жүйесі, денсаулық сақтау, қарлар даярлау, халықты жұмыспен қамту сияқты өзге де мәселелер сөз болды. Осылайша депутаттар бюджеттің шығыс бөлігіне түзетулер енгізді. Ендігі негізгі міндет – бөлінген барлық қаражаттың уақыты әрі тиімді жұмсалып, — деді ол.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН



Astana Ceramic: Заманауи құрылыс келбеті

Ақмола облысының индустриялық картасында талай жылдар бойы дәлелденген берік, сенімді және әрдайым суранысқа ие құрылыс материалдарын шығаратын заманауи, бәсекеге қабілетті кәсіпорны ерекше орын алады. Мемлекет қолдауының және барлық жоба серіктестерінің тығыз ынтымақтастығының арқасында қазірде «Astana Ceramic» ЖШС өндірісі қайта жаңғырып, жаңадан түскен.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЖАҚЫЗ

«Astana Ceramic» кірпіш зауыты ЖШС 2007 жылы өндіріледі Бошан кірпіш зауыты базасында құрылды. Іргелі өндіріс ошағының аумағы 13 гектарды алып жатыр.

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

► Заң жобасы: Мемлекеттік сатып алу Ашықтыққа апарар жол



Парламент Мәжілісінң жалпы отырысында депутаттар мемлекеттік сатып алу мәселелері туралы заң жобасын мақұлдады.

Мәжіліс төрағасы заңға енгізілген нормалар мемлекеттік сатып алуын тиімділігін арттыруға ықпал етіп, ең бастысы, сыбайлас жемқорлықты төмендетінін айтты. Сондай-ақ Нұрлан Нығматулин мемлекеттік сатып алу саласында басшылардың қызметін міндетті рейтингтік бағалау заң деңгейінде бекітілетінін назар аударды. Ол ең алдымен мемлекет мүддесін сақтай отырып ашық жұмыс істеуге жол ашды.

Айта кету керек, қолданыстағы заңда жеткізушілермен тікелей шарттар жасасу арқылы бір көзден сатып алу үшін негіздер қарастырылған. Бірақ, депутаттар бұл нормаларды тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырудың бәсекелестік әдістерін тауыпқан кезде ғана осындай мүмкіндікті пайдалану талабымен толықтырды. Бұл талапты орындамаған мемлекеттік органдардың басшылары 100 айлық есептік көрсеткіш көлемінде өкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын адал және

ашық мемлекеттік сатып алуларды өткізуге ынталандыру үшін депутаттар олардың қызметін тиімділігін; бір көздің үлесі, құқық бұзышылықтар саны, қаржы қаражатын үнемдеу үлесі, өткізілмеген сатып алу саны, сондай-ақ күші жойылған сатып алу сынды негізгі көрсеткіштерін енгізу жолын ұсынды. Осы ретте, Мәжіліс төрағасы рейтингтік бағалауды енгізудің, сондай-ақ осы процесі автоматтандыру мәселелерін пысықтаудың маңыздылығына назар аударып, бәсекелестік жеткізушілер арасында ғана емес, тапсырыс беруші мемлекеттік органдар арасында да болуы керек екенін атап өтті.

► Covid-19

Жедел жәрдем реанимобильдермен толықты



Мереке күндері Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының дәрігерлеріне Hyundai H350 Ambulance және 50 реанимобильдің кілтін табыстады.

Ағымдағы жылы коронавирус пандемиясына байланысты «Астана Моторс» компаниясы медициналық орталықтарды барынша қысқа мерзімде реанимо-

билдермен қамтамасыз ету мақсатында өндіріс қарқынын айтарлықтай арттырды. Бүгінде еліміздің 15 өңіріне: Нұр-Сұлтан қаласына – 14 бірлік; Солтүстік Қазақстан облысына – 18; Қостанай облысына – 26; Ақмола облысына – 30; Павлодар облысына – 16; Қарағанды облысына – 30; Батыс Қазақстан облысына – 20; Ақтөбе облысына – 19; Атырау облысына – 22; Маңғыстау облысына – 20; Жамбыл облысы-

на – 18; Түркістан облысына – 40; Қызылорда облысына – 19; Алматы облысына – 49; Алматы – 85 – жалпы саны 426 реанимобиль жеткізілді. Оның 391 бірлігі – жол қаржысы аясында Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы жүзеге асырылды.

Hyundai H350 Ambulance реанимобильдері Германия, Италия және Ресей елдерінің алдыңғы қатарлы медициналық жабдықтарымен – дефибриляторлармен, жасанды тыныс алу аппараттарымен (ӨЖЖ), электрокардиографтармен (ЭКГ) және тағы басқа құралдармен жабдықталған. Реанимобиль Кеден одағының техникалық регламентіне, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің жөлаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын талаптарына сәйкес келеді және Евро-5 экологиялық стандарттарына жауап береді.

► Сайлау-2021

«Ауылдықтар» ауыл аралап жүр

Парламент Мәжілісіне, Павлодар облыстық және аудандық мәслихаттарына депутаттыққа кандидаттар Шарбақты ауданы Орловка кентінің тұрғындарымен кездесті. Кошпелі топты партиядағы әріптестері – филиал төрағасы Е. Байқұрманов және қолдаулығы штабының басшысы А. Батыршаев бастан барды.



«Орловка» кентін үлгілі ауыл ретінде қабылдауға болады. Онда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі есебінен ауыл тұрғындарын толандыратын барлық проблемалар – сапалы ауызу, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым, табыс деңгейі және өзге де мәселелер шешімін тапқан. Көп жағдайда проблемалық ауылдар кездеседі. «Ауыл» партиясы олардың тыныс-

тірішілігін үнемі қадағалап отырады. Кездесуден кейін «Ауыл» партиясының үгіт-насихат тобы «Орловка» ауылының маңында орналасқан «Победа» ЖШС-ға барды. Кәсіпорын басшысы Владимир Поляков кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі

ауыл инфрақұрылымын дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Өз кезегінде мемлекет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің проблемалық мәселелерін: ұзақ және арзандатылған несиелер беру, жанар-жағармай мен жемшөпті субсидиялауды шешуді барынша жәрдем көрсетуі тиіс.

► ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Министрлер кабинетінің кезекті отырысында вегетациялық кезеңде су ресурстарын пайдалану мәселелері қаралды. Сондай-ақ Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының орындалу барысына есеп беріліп, алдағы жылға арналған жоспар талқыланды. Премьер-министр Аскар Мамин бұл тараптағы қажетті шараларды атап көрсетті.

БОТАГӨЗ ӨБДІРЕЙҚЫЗЫ

Халықтың және экономика салаларының қажеттіліктері үшін пайдаланылатын судың жалпы көлемі шамамен 25 км³ құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығына 15 км³, өнеркәсіпке 6 км³ және коммунальдық шаруашылыққа 1 км³ пайдаланылады. Ал тасымалдау кезіндегі шығындар 3 км³ құрайды. Сонымен қатар экологиялық жүйелерді қолдау үшін шамамен 50 км³ қажет. Экология және табиғи ресурстар министрлігі дерегіне, соның үш жылдық көлемінде Қазақстан – су азық циклында. 2019 жылы өзен ағысының жалпы көлемі 83 км³ құрады. Бұл орташа көп жылдық көрсеткіштен 20%-ға аз. Суды пайдаланудың 97%-і өңтүстіктегі төрт облыста келеді. Республика бойынша пайдаланылған судың нақты көлемі 13,3 км³ құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 1 км³ артық.

Бүгінде Қазақстанда су тұтынудың 65%-ы ауыл шаруашылығына тиесілі. Еліміздің жер үсті суларының жартысына жуығы (44,9 км³) көршілес елдер – Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан аумағынан келеді. Траншекаралық өзендерді пайдалану бойынша өзара іс-қимылдың негізгі мәселелері үкіметаралық келісімдер аясында реттелген. Ағымдағы желтоқсанда Орал және Ертіс трансшекаралық өзендері бассейндерінің экожүйелерін сақтау және қалпына келтіру жөнінде Қазақстан – Ресей ынталық тапсырыс бағдарламалары қабылданды. Бағдарламаларда су алмасуды жақсарту үшін су жіберу құрылыстарын реконструкциялау шаралары да көзделген. Суммен қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін Су ресурстарын басқару мемлекеттік бағдарламасының жобасы әзірленді, ол су инфрақұрылымын салуды, жаңғыртуды және жетілдіруді, суарудың су үнемдеу технологияларын енгізуді, суды есепке алу мен су бөлуді цифрландыруды көздейді. Аталған іс-шараларды өткізу су шығынын азайтуға мүмкіндік береді. «Агроөнеркәсіптік сектор-

ды сапалы әрі кепілдендірілген су көлемімен қамтамасыз ету еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді», – деді А.Мамин.

Үкімет басшысы еліміздің су шаруашылығының барлық негізгі нысандарына Түркістан облысының Мақтаарал ауданындағы К-19 магистральдық арнасын цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны тарту қажет екенін атап өтті. Премьер-министр Қызылорда, Алматы және Түркістан облыстарында ылғалды көп қажет ететін дақыл – күріш жоспардан артық егілетініне назар аударды. «Бұған жұмсалған әлеулді су көлемін экономикалық

шаруашылығы объектілерін салу мен реконструкциялау жобаларын іске асыру, сондай-ақ су үнемдеу технологиялары мен суды есептеудің цифрлық жүйелерін енгізу жөніндегі жұмысты одан әрі жүзеге асыру қажет.

Жиында сондай-ақ Үкіметтің 2020 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспары толық орындалғаны – 22 заң жобасы әзірленгені хабарланды. Жұмыс жоспарында көзделген заң жобалары Мемлекет басшысы қойған бірінші кезектегі заңнамалық міндеттерді шешуді көздейді. Оның ішінде халықтың әлеуметтік және экономикалық мәселелерін



Су көлемі азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді

тұрғыдан тиімдірек дақылдарды – көкөністер, жеміс-жидектер, рапс, соя өсіруге жұмсауға болар еді. Сондықтан өкімдіктер бекітілген егіс жоспарын қатаң ұстануы тиіс», – деді А.Мамин.

Осы ретте ол ауыл шаруашылығы, экология, сауда министрліктеріне ішкі қажеттіліктер мен егіс алқаптарының құрылымын ортақтандыру бойынша алға қойылған міндеттерді ескерте отырып, ылғалды көп қажет ететін дақылдар егісін ауыстыру мәселесін өкімдермен пысықтауды тапсырды. Аталған жұмыстың нәтижелері АӨК-ті дамытудың жаңа бағдарламасын әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, трансшекаралық өзендерді өзара тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бойынша шектес мемлекеттердің салалық ведомстволарымен жұмысты күшейту тапсырылды. Сонымен бірге экология, ауыл шаруашылығы министрліктері өкімдіктермен бірлесіп, су

шешуге, сондай-ақ жекелеген салалардағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған. 2021 жылға арналған жоспар 25 заң жобасын әзірлеуді көздейді, оның ішінде 6 заң жобасы Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан туындайды. Бұл – сайлау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және биржалық сауданы дамыту мәселелері жөніндегі заң жобалары. 2021 жылдың жоспарына геология, биологиялық қауіпсіздік, әскери полиция және қоғамдық бақылау мәселелері бойынша 4 жаңа заң жобасы енгізілді. Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша Үкімет регламентіне әзірлеуші органдардың бірінші басшыларының заң жобаларын әзірлеу мен ұсынудың сапасын, уақытында берілуі үшін дербес жауапкершілігі туралы тиісті түзетулер енгізілді.

«Министрлер заң жобаларының сапалы дайындалуын және олардың Үкімет пен Парламентке уақытылы ұсынылуын қатаң бақылауды қамтамасыз етуі қажет», – деді тақырыпты түйіндеген А.Мамин.

► ТУҒАН ЖЕР



БЕРЕЛ ҚОРҒАНДАРЫ

Берел қорғандары Шығыс Қазақстан облысының Шілікті аңғарында орналасқан обалар кешені. Бұл б.з.д IV-V ғасырлармен көрсетілген аймақ 72 жерлеу орындарынан тұрады. Қорықтағы тоң басқан қабірлердің бірі – «Патшалардың атымен қорғаны». Ол алтын зергерлік бұйымдармен және қазба жұмыстары кезінде табылған әшекейлермен безендірілген сәнді костюммен танымал. Берел қорғандарының көптеген артефактілері тек қазақстандық музейлердің ғана емес, сондай-ақ Санкт-Петербургтегі әлемге әйгілі Эрмитаждың жәдігерлеріне айналды. Бұл жер келушілерді ашылмаған сыр-құпияларымен және ежелгі дәуірдің тарихи-мәдени мұрасымен танысу мүмкіндігімен қызықтырады.

БИЗНЕС & АГРОКЕШЕН

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Үш жылға даму бағдары белгіленді

> [1]

Сондай-ақ сессия жұмысының күн тәртібінде қаралған 23 мәселенің бірі – облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11 желтоқсандағы «2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» болды. Бұл орайда Г.Сүйінтаева облыстық бюджеттің нақтылануына ұсынылған шығындар тізімін ұсынды.

Сол сияқты сессия барысында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мәлімбет Ибрашов облыстың 2021-2023 жылдары субсидиялау жататын әлеуметтік маңызды бар облысшілік қатынастар тізбесін айқындау туралы мәселені көтерді. Ақтөбе – Маржанбұлақ, Ақтөбе – Алға, Ақтөбе – Комсомол, Ақтөбе – Байғанин, Ақтөбе – Ырғыз, Ақтөбе – Қобда, Ақтөбе – Сарыарқа, Ақтөбе – Родинковка, Ақтөбе – Мәртөк, Ақтөбе – Хромтау бағыттары аталған мерзімде субсидиялау жататын әлеуметтік мәні бар облысшілік автомобиль қатынастары тізбесін енді.

Сонымен қатар сессияда облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының есептері қаралып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларына өзгерістер енгізіліп, міндеттемелер қабылданды. Сондай-ақ облыстық мәслихаттың кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізіліп, басқа да мәселелер қаралды.

Облыстық мәслихаттың кезекті қырық жетінші сессиясының жалпы отырысында қаралған барлық мәселелер бойынша депутаттар тиісті шешімдер қабылдады.



– Бәрі де салыстырмалы түрде анықталады. Былтырғы жылдың мәслихат сессияларының жыл аяқталар сәтіндегі жағдай мен бытығы жылды салыстырғанда, ерекшелік аспан мен жердей. Өздеріңіз биыл көптеген қиыншылықтарға түсіністікпен қарадыңыздар. Бір жылдың ішінде қандай өзгерістер, жағдайлардың болғаны көз алдарыңызда. Дегенмен, жыл бойы осындай жағдайларға түсіністік танытып, қолдау көрсеттіңіздер. Пандемияға байланысты көптеген шектеулер болып, экономикаға әсері тисе де, осындай қиыншылықтарға қарамастан, Мемлекет басшысы берген тапсырмаларға сай, жыл бойы Үкімет тарапынан көрсетілген көмектің арқасында біздер алдымызға

қойған жоспарлардың біразын орындадық. Соның бір мысалы – тек «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы біздің облысқа бөлінген 45 миллиард теңге қаражаттың өзі аймақтағы көптеген мәселелердің оң шешім табуына ықпал етті. Әрине, бұл жұмыстардың барлығы сіздердің қолдауларыңыздың арқасында жүзеге асырылды. Әсіресе, ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлерге мейлінше көмек көрсетілді. Сол сияқты, қаланың, қашықтағы ауылдардың инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы шаралар да оң нәтижесін берді. Мұның барлығы – бәріміздің осындай бірлескен жұмысымыздың нәтижесі деп білемін. Алдағы үш жылдың бюджетіне қолдау көрсетіп жа-

тырсыздар. Өздеріңіз де байқап отырғандай, өндірістің ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпкерлердің арқасында салық базасы нығайып, келешекке үлкен үмітпен қарайтын жағдай жасалып отыр. Мемлекет басшының тікелей тапсырмасымен, түрлі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, тағы басқа іс-шаралар арқылы жылдары өз жалғасын табатын болады. Бұл өз кезегінде көптеген өзекті мәселелерді шешуге, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарын ашуға, әлеуметтік саладағы құрылыстарды жүргізуге мүмкіншілік туғызып отыр. Осындай үлкен жоспарларымызға қолдау көрсеткендеріңіз үшін ризашылығымыз білдеремін, – деп, облыс әкімі Оңдасын Оразалин сессия жұмысын қорытындылады.

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ



Ұлттық банк базалық мөлшерлемесі 9% деңгейінде қалдырды

Қазақстан Ұлттық банкі базалық мөлшерлемесі 9 пайыз деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады, деп хабарлайды Trend.az агенттігі.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі базалық мөлшерлемесі пайыздық дәлізді +/-1,5 п.т. сақтай отырып, жылдық 9% деңгейінде сақтау жөнінде шешім қабылдады. Тиісінше, өтімділікті беру жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлемесі 10,50% және өтімділікті алу жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлемесі – 7,50% болады», – деп хабарлап отыр, дейді агенттік ҚР Ұлттық банкінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Ұлттық банктің хабарлауына, қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада инфляция тәуекелдерінің төңгерімі ескеріле отырып шешім қабылданған.



Контейнерлік тасымал 36 пайызға өскен

Қазақстанда 2020 жылдың қаңтар-қарашасында контейнерлік тасымалдаудың жалпы көлемі 799,7 мың контейнерге дейін немесе өткен жылдың осында кезеңімен салыстырғанда 36 пайызға өскен. Бұл туралы ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов мәлімдеді, деп жазады xinhuanet.com сайты.

«Дәстүрлі түрдегі тасымалдардың төмендеуіне қарамастан, біз контейнерлік жүктердің транзиттік тасымалдарында жағымды трендке қол жеткізе алдық», – деп Б.Атамқұлов Қазақстан үкіметінің отырысында, деп хабарлайды агенттік.

Қытай – Еуропа – Қытай бағыты бойынша тасымалдар аталған кезеңде 63 пайызға – 500 мың контейнерге дейін артқан.

Қазақстан Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметтері бойынша, елдегі жолаушылар тасымалы 63,1 пайызға – 21,7 миллиардтан 8 миллиардқа дейін, жүк тасымалдары 6,8 пайызға – 3,8 миллиард тоннадан 3,6 миллиард тоннаға дейін құлдыраған.



Австралияға титан экспортын дамыту ұсынылған

Ресей, Қазақстан және Қытайдан жеткізілетін өнімдердің қиыншылықтарынан құтылу үшін Австралия үкіметіне титанды өңдеу және экспорттауды дамыту ұсынылды. Бұл Ресей мен Қытайдың нарықтағы «алдыңғы қатарлы жайғасымдарын жоюға» көмектеседі екен.



Бұл туралы Австралия парламентінің халықаралық істер, қорғаныс және сауда жөніндегі Бірлескен тұрақты комитетінің баяндамасында айтылған.

Аэроғарыштық және қорғаныс өнімін өндіруші Amaero International металлургия өнеркәсібі компаниясының мәліметтері бойынша, қазіргі сәтте титан қорытпалары нарығында Ресей мен Қытай үстемдік құруда. Сөйтіп, бұл оларға әлем елдеріндегі қорғаныс және аэроғарыштық өнеркәсіпке өсірін тигізуге көбірек мүмкіндік береді, дейді компания ресми өкілдері.

Батыр ҚАМБАРОВ

▶ АГРОӨНЕРКӘСІП

Аграрлық сала жан-жақты дамып, өрістеуде

Сонғы жылдары ауыл шаруашылығының дамуында белгілі бір бағытқа ғана мән беріліп, басқа салаларға көңіл бөлінбей қалып жатқан жоқ. Мұны қысы-жазы бір дамып таптайтын еліміз экономикасының өзекті саласындағы жұмыстардың жүйелі өрбуі айқын дәлелдей алады.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Мұны шағын шолуымыз барысында да аңғардық: бір өңірде ауыл шаруашылығы техникаларын шығару жолға қойылып, шаруаларды қуантып жатса, сонымен қатар өнім түрлерін ұлғайтып, өндірісті одан әрі жетілдіре түскен. Тіпті жаңашылдық сипаттағы қаржылық қарым-қатынастар да орнатылып, саланы дамытуда тың қаламдар жасалып жатқаны ерекше маңызды. Енді соларға нақтырақ тоқталасқ.

МИНИСТР АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА БОЛДЫ

Откен аптаңан аяғында ведомствонның Баспасөз қызметі хабарлағандай, ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров Ақмола өңіріне жұмыс сапары барысында қамбайн шығаратын зауыт пен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын бірқатар кәсіпорындарды аралады.

Министрдің сапары Ақмола облысы мен Қоқшетау қаласындағы министрліктің аумақтық бөлімшелері мен ведомствода қарасты ұйымдардың басшыларымен кездесуден басталды.

Ауыл шаруашылығы министрі «Қазроствинжинринг» ЖШС қамбайн шығаратын зауытқа барды. Кәсіпорында VECTOR410KZ және ACROS астық жинау қамбайндары, сондай-ақ өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы қондырғылары шығарылады. Жыл басынан бері кәсіпорын 26,4 млрд теңгеге 440 қамбайн құрастырған.

Сондай-ақ облыс орталығында Сапархан Омаров Қоқшетауда ғана емес, еліміздің өзге өңірлерінде өз



өнімдерімен танымал «Гормолзавод» ЖШС-да болды. Қазір зауытта кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыратын жаңа цехтар салынууда. Бұл зауыттың өнімдері ел астанасында кен танымал және сүт, айранынан басқа, дәмі тіл үйіре қаймағымен де, бүлдіршіндер үшін (тіпті олардың әкесі-шешелері емес, ата-әжелері де жақсы көрген) балмұздақтарымен көпшілікті қуантады. Сондықтан ағалымыз зауыттың арнайы дүкендері мен дүңгіршектері арқасында сатып алушыларға кенде болмайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін де ең бастысы осы бола керек.

Ақмола өңіріндегі сапарында бұдан өрі ауыл шаруашылығы министрі «Синегорье» ЖШС-де үн өндіру, дәнді және майлы дақылдарды сақтау және қайта өңдеу барысымен танысты. Кәсіпорында орнатылған инновациялық жабдық дәнді және майлы дақылдарды бір уақытта қабылдауға мүмкіндік береді.

Сапар соңында министр «Маккинк құс фабрикасы» ЖШС-да болды. Жаңа өндіріс орны пайдалануға берілгеннен кейін құс етіні өндіру жылқы 25 мың тоннаға дейін артады.

Құс фабрикасына жақын жерде тағы бір инвестор өсімдік майын өндіретін зауыт салып жатыр. «Бота – 2015» ЖШС-нің өндірістік қуаты тәулігіне 600 тоннаны құрайды, деп жазады баспасөз хабарламасында.

АСЫЛ ТҮКІМДЫ СИЫРЛАП САҚТАНДЫРЫЛДЫ

Агроөнеркәсіп кешені саласындағы сактандыру қызметінің операторы Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры аграрлық саладағы тәуекелдерді төмендету жұмыстарын жалғастыруда.

Биыл қазан айында Ауыл шаруашылығы министрілігі эпизодтылық жағдайды ескере отырып, нарықта саудалауға жеңіл болу үшін ірі қара малды аурулар мен түрлі қауіп-қатерлерден сактандыру өнімдерін әзірлеп.

Фермерлер малын өз шаруашылығына аумағында және 5 км радиустығы көріп шаруашылықтардың аумағындағы аурулар мен басқа да қауіп-қатерлерден сактандыра алады. Мысалы, инфекциялық және аса қауіпті аурулардан, өрттен, үшінші түрлердің зиянды өрекеттерінен, қауіпті табиғи құбылыстардан, сондай-ақ жазатайым оқиғалардан – жарылыстан, найзағай түскен жағдайда, жыртқыш аңдардың шабуылынан, жылан немесе жәндіктердің шағуынан, түрлі себептермен жаракаттанса және тағы басқа да қауіп-қатерлерден сактандыруға болады.

Қараша айында алғашқы келісімшартты «Север-Агро Н» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі «Жуан Гарант» сактандыру компаниясы-

мен бекітті. Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы бұл ірі шаруашылық абердин-ангус тұқымды сиыр өсірумен айналысады екен. Компания 2018 жылы Аграрлық несие корпорациясынан несие рәсімдеп, ірі қараны АҚШ-тан әкелген болатын. Мал несиеге алынғандықтан, мұндай сактандыру полисі шаруашылықтың да, несие берушінің де сенімін нығайтады.

Бүгінгі таңда шетелден әкелінген сиырлар бұзаулап тұр. Енді 1 795 бас сиыр түрлі аурулардан, жазатайым жағдайлардан және басқа да қауіп-қатерлерден сактандырылды. Сактандыру полисінің құны 14 млн теңгені құрады, оның 7 млн теңгесін мемлекет субсидия ретінде төлеп береді. «Сактандырылатын ірі қараның саны 30 бастан кем болмауы тиіс. 1 бас сиыр тұқымды малға берілетін сактандыру құнының ең жоғары шегі – 1 600 000 теңге, тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін мал үшін – 600 000 теңге, тауарлық ірі қара үшін – 300 000 теңге. Сактандыру тарифі 1,54%-дан 4,62%-ға дейін болады», – дейді «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның басқарушы директоры Асқар Қалиев.

Сактандыру шарғын жасасқаннан кейін мемлекет сактандыру сыйақы сомасының 50%-ын төлейді. Бұл фермердің сактандыруға жұмсаған шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі автоматтандырылған ерікті сактандырудың артықшылықтарына көз жеткізген фермерлер мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланатыны анық. Ең бастысы – жаңа жүйе фермерлердің тәуекелдерін төмендетуге көмектеседі және сапалы қаражаттың қайтарылатынына кепілдік береді.

Яғни салаға тартылатын инвестицияның да көлемі артады деген сөз. Айта кетейік, барлық процесс фермердің электронды цифрлық қолтаңбасы негізінде Qoldau.kz платформасындағы Agroinsurance ақпараттық жүйесінде іске асырылады, деп хабарлайды АШМ Баспасөз қызметі.

БИЗНЕС & ҚОҒАМ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ПАРЛАМЕНТ

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКС ҚАБЫЛДАНЫ

Парламент Сенатының жалпы отырысында еліміздің жаңа Экологиялық кодексі екі оқылымда қаралып, қабылданды.

Жаңа кодекс жобасы экологиялық заңнаманы жетілдіру және жанарту, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдаланушылардың қызметін экологиялық реттеудің тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттық және өзге де міндет-мемлекеттерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді. Заң жобасы бойынша баяндалма жасаған экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Мағзұм Мырзахалиев «ластаушы төлейді» қағидатының негізіне алынған ластануды болдырмау мен бақылау жөніндегі іс-шараларға тоқталды. Сонымен қатар, қоршаған ортаға тиген залалды қалпына келтіруге қатысты жауапкершілік қарастырылған. Осылайша, мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл төлеудің орнына қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөніндегі барлық шараларды қабылдау үшін тиімдірек болатындай жағдай жасауы тиіс. Бұдан басқа, экологиялық залал орнын алған жағдайда табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны бастапқыда болған қалпына келтіруге міндетті. «Ең озық қолжетімді технологияларды енгізеді деген шартпен бірінші санаттағы объектілер үшін кешенді экологиялық рұқсаттарға қолу ұсынлады. Сондай-ақ жаңадан іске қосылатын кәсіпорындар үшін кешенді экологиялық рұқсаттар алу міндеттілігі қарастырылды. Ең озық қолжетімді технологияларды енгізудің арқасында еліміздегі экологиялық ахуал жақсарды. Бірінші кезеңде мұнай-газ, тау-кен металлургиясы, химия және электр энергетикасы салаларына қатысты 50 ірі кәсіпорындан ең озық қолжетімді технологияларға ауыстыру жоспарланған. Айтсақ кетеріміз, осы 50 кәсіпорынға жалпы ластанудың 80 пайызы тиесілі», — деді Мағзұм Мырзахалиев.

Кодекстің жобасында бірінші санаттағы ірі кәсіпорындарға қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалауды өту туралы талап қарастырылды. Олардың тізбесі қайта қаралды және негізінен экологиялық қауіпті объектілерге баса назар аударылатын болады. Министр қоғам өкілдері қоршаған ортаға әсерді бағалаудың барлық кезеңдеріне қатыса алатындығын атап өтті.

Заң жобасында жергілікті атқарушы органдар түсетін экологиялық төлемдердің есебінен 100% пайыз көлемінде қаржыны табиғат қорғау іс-шараларына бөлуге міндетті екендігі де көрсетілген. Сондай-ақ заңсыз қырық тастау мәселесін жүйелі түрде шешу үшін жаңа Экологиялық кодексте қысқартылған қаржыны кәсіпорындарға бөлу туралы талап қарастырылды. Қалдықтарға қарсы бақылау қамтамасыз етіледі. Қалдықтардың классификациясы Еуропалық қалдыққа сәйкестендірілді.

ҒЫЛЫМ

АСТАНАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР ҮЗДІК АТАНДЫ

Астаналық оқушылар Бразилияда өткен халықаралық ғылыми жобалар сайысында жеңімпаз атанды.

Бразилияның Ново-Гамбург қаласында «MOSTRATE» атты 35-ші халықаралық білім көрсетімі аясында пандемияға байланысты қашықтан өткізілетін идеялар мен зерттеу жұмыстарының басын қосқан ғылыми жобалар сайысына 35 елден үміткерлер, 752 жоба қатысты. Оның ішінде Қазақстан мектептерінен 25 оқушы бақ сынады. Сайыс нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласының дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицейінің оқушылары үздіктер қатарынан көрінді. Осы ретте Рахым Әлиханов пен Әлфараби Дүйсенбаев алтын медальды жеңіп алса, Аманжол Сейменов пен Темірлан Жамбыл — күміс медаль, Бекжан Түменбай, Арон Ұржанов, Ерасыл Әленовтер қола медальды иеленіп, жеңімпаз атанды.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қарағанды облысының Саран қаласында автобустар, электробустар мен арнайы техника шығаратын «QazTepla» зауыты іске қосылды.

Жаңа зауыттың салтанаты ашылу рәсіміне премьер-министр Асқар Мамин қатысты. Үкіметтің баспасөз қызметінің хабарлауынша, кәсіпорын әлемдегі аса ірі автобус өндіруші «Yutong» компаниясымен серіктестікке құрылды. Жобаның құны шамамен 23 млрд теңгеге құрайды. Мынанан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Жылдық жобалық қуаты — 1200 автобус пен электробус, сондай-ақ 500 бірлік арнайы техника. Зауытта бірнеше өндірістік тізбекті: дөңкерлеу, бояу, құраушыларды шығару, зерттеу орталығын, сондай-ақ техниканы сынау және тексеруге арналған тректі іске қосу қарастырылған. Дүниежүзінің 30-дан астам еліне пайдаланылатын «Yutong» автобустары қоғамдық тасымалдау саласындағы әлемлік сапа стандарттарына сәйкес келеді. Автобустар мүмкінділігін шектеуді жаңағар арналған арнайы пандаустармен, орындармен, электронды билет беру және бақылау жүйесімен жабдықтаған. Жаңа жоба Қарағанды облысының экономикасының дамуына және отандық автобустармен қоғамдық көлікті жанару бағдарламасын іске асыруға серпін береді.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ӨНІРЛІК ДАМУ: ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Алыс ауылдарға көгілдір отын жетті

Еліміздің басты мемлекеттік мерекесі — Тәуелсіздік күні қарсаңында Жамбыл облысының Қордай ауданындағы он ауылға газ құбыры тартылып, шалай елді мекендер тұрғындары көгілдір отынға қол жеткізді.

ЕРНАР ОРМАНОВ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «ҚазТрансГаз» АҚ ұлттық операторы Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп Аукатты, Бұлар батыр, Сортөбе, Масанчи, Қаракемер, Қарасу, Өтеген, Қызылсай, Құнбатыс-1 және Құнбатыс-2 ауылдарына газ құбырын тарту жұмыстарын жүргізді. Барлығы 392 шақырым құбыр желісі тартылып, бұл 62 мыңнан астам тұрғын мен 274 әлеуметтік және кәсіпкерлік нысанның табиғи газбен қамтылуына мүмкіндік берді. Маусым айында басталған көгілдір отын желісін тарту бағытында жұмыстар қысқа мерзімде, қазан айында аяқталды. «70 жылдан астам уақыттан бері Қордайға газ тарту мәселесі шешілмей келген еді. Осы тұрғыдан алғанда бнылығы жылды — тарихи жыл деп атауға болады. Ел Президентінің қолдауының арқасында аудандың 100 мыңға жуық тұрғыны тұратын 22 ауылды газдандыруға 10 миллиардтан



астам тенге бағытталды. Нәтижесінде, қордайлықтардың көгілдір отынмен қамтылу көрсеткіші 47-ден 95 пайызға дейін жетеді. Мұндай ақымды жұмыс бұрын-соңды мұнда болмаған», — деп атап өтті осынау маңызды шараға арналған жиында аймақ басшысы Бердібек Сапарбаев.

Аудандық қоғамдық кеңіс кенесінің төрағасы Әбдібек Сейітханов та жерлестерін қуанышты оқиғамға құттықтады. «Өздеріңіз білетіндей, осы жылдың басында Мемлекет басшысы ауданымызға арнайы келген болатын. Сол кезде біз,

Қордай аудандың тұрғындары, Президенттен бірқатар мәселені шешуге, оның ішінде газдандыруға қатысты көмектесуін сұрадық. Міне, біздің өтінішіміз назардан тыс қалмады. Біз осы шараға атсалысқандардың барлығына ризашылығымызды білдіреміз. Біз үшін бұл нағыз мерекеге айналып отыр. Осыны себеп етіп дүнген бауырларымызбен тағы да жүздесіп, ортақ маңызды нәрселерді саралап, бір-бірімізді құттықтай жатырмыз. Біз үшін ең бастысы — бірлік», — деп атап өтті Ә. Сейітханов.

Ауыл тұрғындарын қуанышты

сәтіммен құттықтай отырып, газ мамандары тұрғындарға қауіпсіздік ережесі жазылған жалынама таратты. «Газ — бұл игілік, дегенмен оны пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтауды бірінші назарда ұстау керек», — деліп газ қызметкерлері.

Бұдан соң облыс әкімі осы күні басқалармен қатар үйіне газ кірген жергілікті тұрғын Муса Машанлоның шаңырағына бас сұқты. «Бұл оқиғаның бізге қаншалықты қолайлы жағдай туғызып отырғанын айтып жеткізе алмаймыз. Солардың ең бастысы — жылу мен тазалық. Бұған дейін әр қыс сайын жеті-сегіз тонна көмір сатып алып, оны екі-үш сағат сайын пешке салып отыруға мәжбүр едік. Ал кейде сапасыз көмірге тап болып қалсақ, қыс бойы қиналатынбыз. Бөрінен бұрын ас үйден шықпайтын жұбайым мен келіміз қатты қуанады», — деді Муса Машанло қуанышымен берді.

Газ құбырының құрылысы «Қордай» автоматты газ тарту станциясы (АІТС) қайта құру және оның өткізу қуаттылығын арттыру жұмыстарымен қатар жүргізілді. Бұл станциямен қайта құру Қордай ауданының тағы 12 елді мекеніне газ тарту ісін жоспарлауға мүмкіндік береді.

НАРЫҚ

Экспорттық түсімнің жартысы — мұнайдан

Шет елдерге өнімдерімізді экспорттау аяғты, соңғы жылдары шекара асқан тауарларымыз көбінесе түсті деп маркамыз. Алайда, ол негізінен «қара алынымыз» — мұнайды экспортқа шығарудың түсіні отырған табыстан екеніне мән бермейтін сияқтымыз. Ал, мұнайды сатуының өзінде кейінгі уақытта Еуропа есебінен ғана пайда тауып отыр екенбіз. Осыған нақтырақ тоқталсақ.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Індет салдарынан туындаған қиыншылықтардан кейін аздап ес жинағандай да болды. Соның айғағындай, еліміздің экспорттық көрсеткіштері қалпына келуі жалғасын тапқан. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, қазан айында шет елдерге жалпы сомасы 3 млрд 764,8 млн долларға тауарлар сатылған. Бұл — соңғы төрт айдағы максимумды көрсеткіш. Бұл ретте ай сайын көрсеткіштер артып келеді. Нәтижесінде қазанда экспорт импорттан 256,5 млн доллар асып түскен.

МҰНАЙ ЕУРОПАҒА АҒЫЛУДА

Жағымды динамика негізі әдетте шикізат сатуының өсуімен айқындалады. Сосын, бірінші кезекте — шикі мұнай есебінен. Қазан айында Қазақстан шет елдерге 5,3 млн тонна мұнай (қырқыүкейпен салыстырғанда +157,2 мың тонна) сатқан. Мәмілелерден түсіміміз 1 млрд 747,6 млн доллар құрап, бірден 10,8%-ға артқан. Қорыта келгенде:

• Қазанда шикі мұнай сату барлық қазақстандық экспорттың 46,4%-ын құраған.

• Қырқыүкейпен салыстырғанда мәмілелер көлемі 170,7 млн долларға өскен.

Негізгі 150,3 млн доллар көлеміндегі өсімді еуропалық бағыт қамтамасыз етті. Испанияға сатулар бір айда 75,4 миллионнан 184,6 млн долларға дейін өсітті. Нидерландыға 150,8 миллионнан 249,4 млн долларға дейін өссе, ал Францияға 120,2 миллионнан 186,3 миллион долларға дейін өскен.

Тек осы үш елдің өзге ғана жинтық көлемінде шетелдерге сатылған барлық мұнайдың 35%-дан астамын қамтамасыз еттігі. Дегенмен, бұл бағытта бәрінен

бұрын Еуропаның шығыс бөлігінде орналасқан елдерге қатысты көшпін түскен тұстар да бар. Мәселен:


Польшаға экспорт 33,4 млн долларға құлдырап, 300 мың доллардан да азырақ қаржы құраған. Румыния мұнай үшін қырқыүкейтіден (95,6 млн долларға дейін) 42,3 млн доллардан да азырақ төлетті.

Грекия — 91,3 млн долларға (74,1 миллион долларға дейін) азырақ, Финляндия 3,2 млн долларға (60,2 млн долларға дейін) азырақ төлеген.

Қытайға мұнай экспорттау


1-инфографика

2020 ж. қазандағы қазақстандық мұнайдың Top-10 сатып алушылары (млн долл., ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы мәліметтері бойынша)



1-инфографика

2020 ж. қазандағы Қазақстанның негізгі (мұнайдан өзге) экспорттық тауарлары (млн долл., ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы мәліметтері бойынша)



77,4 миллион долларға дейін артқан.

2020 жылдың 10 айында түріктер мысты барлығы 403,4 миллион долларға сатып алған — бұл бір жыл бұрынғыдан 11,5%-ға артық. Түркия елі негізгі сатып алушылар тізімінде екінші орында. Олардың алдында жеке-дара — 1,48 млрд долларға, соның ішінде 161,1 млн долларға қазан айының енісінідегі, сатып алуларымен — Қытай тұр.

Бұдан өзге, қазан айында:

• Күміс экспортты бір жарым есе өсіп, қырқыүкейдегі 67,4 миллионға қарағанда — 98,8 млн долларды құраған. Басты (түптеп келгенде, жалғыз ірі) сатып алушы Ұлыбритания біркеккен корольдігі болып қалып отыр.

• Тек мұнайға, мыс пен органикалық емес химияға ғана орны беріп, бидай мен меслин 4-інші орынға шықты. Бір айда 600 мың тоннадан астамы — көбінесе Өзбекстанға (336 мың тн) және Тәжікстанға (147,8 мың тн) сатылған, мәмілелер сомасы 131,3 млн доллар құрапты.

• Экспорттық өнімдер он-

дығына шетелдік сатылымдар көлемі қазанда 60,1 млн долларды (бір ай бұрын 44,5 млн) құраған ұн да кірді. Осы өнімнің бар экспорттың 75%-ына жуық сұранысын бір ғана тарап — Ауғанстан қамтамасыз етіпті (2-инфографика).

НЕ САТЫЛМАЙ ЖАТЫР?

Қазанда барлығынан да күштірек жер үсті көліктері, ушу аппараттары мен жуу құралдарының экспорты құлдырапты: егер қырқыүкекте шет елдерге сатылымдар 120,4 млн долларды құрса, қазан айында — 35,6 млн доллар құраған.

Бірінші кезекте, бұл Нидерланды тарапынан сұраныс төмендеуі (39,7 миллионнан 11,1 млн долларға дейін) салдарынан болған және АКШ-қа іс жүзінде сатулардың (қырқыүкекте — 35 млн доллар) толықтай тоқтатылуынан да болып отыр.

Феррокорытпалар экспортты да елеулі түрде ушін шеккен — сатылымдар бір жарым есе (190,7 миллионнан қазанда 126,7 млн долларға дейін) құлдыраған. Қытай (бір ай бұрынғы 99,4 миллионнан 70,3 млн долл-ға дейін) мен Жапония (26, миллионнан 11,9 млн долл-ға дейін) сатып алулары азайтқан.

Сондай-ақ қазанда кейбір металлдар: мырыш, алюминий мен титан сатылымдары төмендеп кеткен. Бұдан басқа Грузия қазақстандық жағдайында (-3 млн доллар) сатып алмаған, Ауғанстан сатып алуын айтарлықтай (3,8 миллионнан 0,4 млн долларға дейін) қысқартқан. Нәтижесінде бұл тауардың жалпы экспортты 9,8 млн долларға дейін төмендеткен.

БИЗНЕС&ЭКОЛОГИЯ

БАЛАМА ҚУАТ

«Жасыл» қаржыландыру қалай дамуда?

Дамыған елдерде «жасыл» қаржыландыру мен инвестицияларға арналған тиімді саясаттар, институттар және құралдары жасақтау арқылы климат өзгерістеріне төзімді және шығарылымдарының деңгейі төмен «жасыл» экономикаға көшуді бәсеңдіру мен қолдауға көмек көрсету жаксы жолға қойылған...

ИСАТЯИ ҚАМБАРОВ

Нақтырақ айтатын болсақ, ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында Қазақстанда қоршаған ортаны қорғауға бағытталған инвестициялар, өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда (106,5 млрд тт), 21,5%-ға артық, яғни — 129,4 млрд теңгеге құраған.

Еліміз «жасыл» экономика жолына белсенді түрде ден қойған. Жанартылатын энергия көздері (ЖЭК) нарығын дамытудың айтарлықтай өсуі — бұл игі шараны іске асырудың жағымды көріністерінің бірі.

Егер 2015 жылғы электр энергиясы өндірісінің жалпы көлемінде ЖЭК үлесі бар-жоғы 0,77% құраса, ал осы жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша көрсеткіш 3,05%-ға жеткен.

Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға көшуі бойынша концепция аясында электр энергиясының баламалы көздерінің үлесін 2030 жылға 30%-ға жеткізу, ал 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізу — басты стратегиялық міндеттерінің бірі.

САРАПТАМА

Қоршаған ортаны қорғаудың 74 жобасы бар

Батыс Қазақстан облыстық экология департаментінде «Күрделі жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу» тақырыбында бейнеконференциялар арқылы жиналыс өтті. Ондай сипаттағы өткен басқосу өңірдегі табиғат пайдаланушылар, БҚО бойынша «Ақжайыт — адалдық алаңы» аймақтық кеңесі мен сарапшылық кеңестің мүшелері, облыстың экоагитаторлары, БАҚ және жұртшылық өкілдері қатысты.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

Жылында бұдан төрт жыл бұрын аталмыш департамент жаңынан құрылған экологиялық мемлекеттік сараптаманың сарапшылық кеңесінің отырыстарында қаралған ірі және аса күрделі жобалық құжаттамалардың жайы созылған, талқыланды. Сарапшылық кеңестің құрамында қызметтік міндеттері қоршаған ортаны қорғауға байланысты мемлекеттік құрылымдардың лауазымды тұлғалары, жоғары оқу орындарының ғалымдары, үкіметтік емес ұйымдардың, кәсіпкерлер палатасы және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен қоғам белсенділері бар.

Бұл не компанияның өз қаржысы, не болмаса ОҚО саланы дамыту институтымен өріпестікті арқылы жүзеге асады (1-инфографика).


Тау қуыттан бері Қазақстанда ЖЭК саласына инвестициялар тартудың жана мүмкіндігі пайда болды. «Жасыл» облигациялар қаржыландырудың баламалы көзі міндетін атқаруда. Оның үстіне, енді инвесторларды тарта отырып, «жасыл» облигациялар орналастыруды АХКО негізінде жүзеге асыруға болады.

Мәселен, ағымдағы жылдың тамыз айында жанартылатын энергия көздерін инвестициялау түскелерінің төменетуі бойынша АИХ-те «Даму» қоры ПРООН-мен келісім аясында тіркеуден өткізіліп, 36 ай айналыс мерзімімен 200 млн теңгеге «жасыл» купондық облигациялар шығарды.

Жаһандық нарықтағы «жасыл» облигациялар шығарудың көлемі (млрд АҚШ долл.)



Бағыттар бойынша «жасыл» инвестициялар құрылымы, 2019



аысында шағын көлемді ЖЭК-нің инвестициялық жобаларын жүзеге асырушы, шағын және орта бизнес субъектілерінің одан әрі кредиттеу мақсатында — екінші деңгейдегі банктен микроқаржылық ұйымдарда орналастырылатын болады.

Осылайша, Қазақстанда «жасыл» қаржыландыруды дамыту мүмкіндігі кеңейтіледі де, бұл өнеркәсіптің «жасыл» салалары әлеуетін кеңейте түсте мүмкіндік жасап, технологиялық инновацияларға ықпалын тигізеді, сондай-ақ бизнес пен қаржылық индустрия үшін өсудің жана жағдайларын құрып та бермек (2-инфографика).


Апта кету керек, әлемдік деңгейде «жасыл» жобаларды облигациялар шығару арқылы қаржыландыру айтарлықтай кеңінен тараған. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айында «жасыл» облигациялар шығару 214,7 млрд АҚШ долларын құраған. Жалпы алғанда, 2019 жылғы шығару көлемі 51,2%-ға артып, 258,9 млрд АҚШ долларына жеткен. Соңғы бес жылда «жасыл» облигациялар шығару орта есеппен жылына 51,5%-ға өсіп, бұл нарықтың жоғары қарқынмен дамуын көрсетеді.

Қүрделі жобалардың бірі — «Орал құс фабрикасы» ЖШС-нің қалдықтарды орналастыру нормативтік жобасы. Облыс экологиясының жай-күйін жақсартуға бағытталған жоба барысында кәсіпорын қос кенін көздеп жарату үшін препараттарды қолдану шараларын жоспарлады және оны сәтті іске асырды.

ЖЭК нысандары өндiретiн электр энергиясының көлемi, кВт·сағ



ҚР-дағы ЖЭК нысандарының саны



ҚР Энергетика министрлігінің мәліметтері негізінде

2-инфографика

қаржыландыруды дамыту мүмкіндігі кеңейтіледі де, бұл өнеркәсіптің «жасыл» салалары әлеуетін кеңейте түсте мүмкіндік жасап, технологиялық инновацияларға ықпалын тигізеді, сондай-ақ бизнес пен қаржылық индустрия үшін өсудің жана жағдайларын құрып та бермек (2-инфографика).

Апта кету керек, әлемдік деңгейде «жасыл» жобаларды облигациялар шығару арқылы қаржыландыру айтарлықтай кеңінен тараған. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айында «жасыл» облигациялар шығару 214,7 млрд АҚШ долларын құраған. Жалпы алғанда, 2019 жылғы шығару көлемі 51,2%-ға артып, 258,9 млрд АҚШ долларына жеткен.

Қаржыландырудың бұл түріне сураныс инвесторлар қоржынын — төмен тәуекелді облигациялар мен экологияны сақтауға инвестициялауды қалау есебінен — диверсификациялауға негізделген.

көнін орналастыру көлемі азайтылды. Осылайша «Орал құс фабрикасы» ауданына жақын орналасқан тұрғын аймақтағы атмосфералық ауа сапасы жақсарды.

«Мануэлы жобалардың арасынан «2019-2025 жылдарға арналған Батыс Қазақстан облысының қоршаған орта сапасын жақсарту мақсатын көрсеткіштері туралы» облыстық мәслихат шешімінің жобасын атап айтуға болады. Осы жобаны іске асыру барысында департамент БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен бірге жалпы облыс бойынша қоршаған ортаға шығарындыларды, төгінділерді және қалдықтарды орналастырудың рұқсат етілетін көлемдерін азайту бағытында жұмыстанып келеді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

САЛЫМШЫЛАР ЖИНАҒЫ ЕКІ ТРИЛИОНҒА ӨСТІ

Был жыл басынан бері БЖЭК салымшыларының зейнетақы жинақтары 2 трлн теңгеге артып, 1,13 трлн теңге таза инвестициялық салыстырғанда 531 млрд теңгеге (өсім 88%) артық. Жеке зейнетақы шоттарының саны биылғы 1 желтоқсанда 11,6 млн бірлікті құрады.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

НҮРЛЫ ЖЕР

ДӘРІГЕРЛЕР МЕН МҒАЛІМДЕР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қарағанды қаласында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 37 отбасы баспаналы болды.

Жана қоныс иелеріне пәтер кілттерін салтанатты тапсыру рәсіміне қала әкімі Ермәғанбет Бөлекбаев және «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ипотекалық ұйымы» АҚ инвестициялық жобалар департаментінің директоры Айсұлтан Ақжүнін қатысты. Пәтер алғандар қатарында облыстық клиникалық аурухана мен жедел жәрдем станциясының дәрігерлері, әлеуметтік қызметкерлер, мұғалімдер, жоғары оқу орындарының оқытушылары бар.

Өндірісті өңір орталықтарында дәрігерлер мен мұғалімдері барлығы 37, оның ішінде 11 бір бөлмелі, 21 екі бөлмелі және 5 үш бөлмелі пәтер берілді. Пәтерлер ауданы — 34,7-ден 72,6 шаршы метрге дейін, жалға алу мөлімі — 20 ақпан. Алайда жаңа алушылардың қалауы бойынша пәтер мерзімінен бұрын сатып алынуы және меншікке рәсімделуі мүмкін.

ҚАЗМҮНАЙГАЗ

АЛҒАШҚЫ ҰНҒЫМАЛАР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Ақтөбе облысында Шығыс Орпқтау кен орнында алғашқы ұнғымалар тәжірибелік пайдалануға берілді.



Шығыс Орпқтау кен орнында екі ұнғымалар тәжірибелік пайдалануға беру рәсіміне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев, Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржанұа Қалауды, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Жәкшп Марабаев және «Орпқтау Оперейтінг» ЖШС бас директоры Амангелді Таспихов қатысты, деп хабарлайды КМГ баспасөз қызметі.

Былд мамыр айында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ) инвестициялық комитетінің шешімімен Орпқтау жобасының бірінші кезеңін жүзеге асыру мақұлданды. Оны іске асыру аясында Шығыс Орпқтау кен орнындағы екі ұнғымалар және 2021 жылдың желтоқсанында Орталық Орпқтау кен орнындағы бес ұнғымалар іске қосу жоспарланған болатын. Бірінші кезең табысты аяқталып, қолайлы экономикалық ахуал қалыптасқан жағдайда екінші кезеңді іске асыру мүмкіндігін қарастырылды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

САЛЫМШЫЛАР ЖИНАҒЫ ЕКІ ТРИЛИОНҒА ӨСТІ

Был жыл басынан бері БЖЭК салымшыларының зейнетақы жинақтары 2 трлн теңгеге артып, 1,13 трлн теңге таза инвестициялық салыстырғанда 531 млрд теңгеге (өсім 88%) артық. Жеке зейнетақы шоттарының саны биылғы 1 желтоқсанда 11,6 млн бірлікті құрады.

Был жыл басынан бері БЖЭК салымшыларының зейнетақы жинақтары 2 трлн теңгеге артып, 1,13 трлн теңге таза инвестициялық салыстырғанда 531 млрд теңгеге (өсім 88%) артық. Жеке зейнетақы шоттарының саны биылғы 1 желтоқсанда 11,6 млн бірлікті құрады. Осы жылдың басынан бері салымшылардың шоттарына жалпы көлемі 958,8 млрд теңге зейнетақы жарналары аударылған, ол бытырғы жылдың 11 айындағы көрсеткіштен 75,8 млрд теңгеге немесе 9% асып түсті.

Батыс Қазақстан облысы

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&ӨНДІРІС

→ **ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН**

Astana Ceramic: Заманауи құрылыс келбеті

> [11]

Өнім өндіруге керекті шикізат – саз компанияға тиесілі және зауыттың тікелей маңында орналасқан Үшкөл кен орнының карьерінен алынып, пайдаланылады. Бұл осы аймақтағы ірі форматты керамикалық блоктар шығарумен айналысатын жалғыз кәсіпорын.

Сетаблок керамикалық тасы ғимараттардың көтергіш, сыртқы және ішкі қабырғаларын салуда қолданылады. Бұйымның айрықша үлкен форматы қалау жұмыстарын жеңілдетеді, ол үшін уақыт та көп кетпейді. Стандартты кірпішке қарағанда, үлкен блоқтың форматы қиындықсыз орнатуын арқасында құрылымды тезірек тұрғызуға болады. Оған жасалған қабырғалар жылу тиімділігіне ие, қосымша жылытуды қажет етпейді. Керемиканың ерекше құрылымы бұл материалдан жасалған үйлерді қарапайым кірпішке қарағанда әлдеқайда жылы етеді және үйлі жылытуға кететін шығындарды азайтады. Сетаблок керамикалық тасының ерекшелігі осы, тастарды қалау барысында ерігінді қолданылмайды, тастардың тығыз жабысуын ойық-тарак жүйесі қамтамасыз етеді. Сонымен қатар керамикалық тас әр түрлі әрлеу материалдарымен үйлеседі. Сетаблок тасының бедері бетіне сылақ та оңай, жылдам және үнемді жағылады. Керамикалық тастан жасалған қабырғалар үй-жайлардың экологиялық қауіпсіздігіне кепілдік береді. Табиғи шикізаттан жасалған блоктар сыртқы өсерлермен байланыста түспейді және зиянды заттарды шығармайды. Жоғары сапалы кірпіштер мен үлкен форматты кераблоктар аз қабатты



және көп қабатты құрылыста қолданылады. Өнім құрамына дәстүрлі кірпіштің кемшіліктері емес, беріктігі мен отқа төзімділігі сияқты артықшылықтары біріктірілген. Ассортимент – 2,1NF-ден 12,4NF форматына дейінгі кеуекті кірпіштер. Өнімдер МЕМСТ 530-2012 талаптарына сәйкес келеді, аттестатталған және сәйкестік сертификатына ие. Мұндай үлкен форматты керамикалық блоктар Ресей Федерациясының, Украинаның, Беларусияның және басқа ТМД елдерінің нарықтарында қарқынды қолданылады.

Бүгінде озық технологиялармен жарактандырылып, автоматтан-

дырылған зауыттың өндірістік қуаты – жылына 30 миллион стандартты кірпіш. Шикізатпен қамтамасыз етуден бастап дайын өнімді орауға дейінгі барлық өндірістік процестер адам факторының әсерін барынша төмендетіп автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады. Болашақта дайын өнім түрлерін кеңейту жоспарланып отыр. Жаңғыртылған өндіріс дайын өнімнің құнын жоғары сапада төмендетуге және М-200 маркалы керамикалық кірпіш пен көрші елдерден импортталатын үлкен форматты керамикалық блоктарды алмастыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ заманауи қондырғылар өндірістен шығатын зиянды шығарындар көлемін азайту арқылы қоршаған ортаның экологиялық ахуалын жақсартуға ықпал етеді.

Компания жергілікті тұрғындар үшін 70 жаңа жұмыс орнын құрған. Жобаны жүзеге асыру барысында ынта-жігер танытқан жұмыскерлеріне қауіпсіз, жайлы еңбек жағдайларын жасау арқылы еңбек мәдениетін жана дәлелге көтеру – басымдықты міндет. Сондай-ақ компания инфрақұрылымды дамытып, әлеуметтік жобаларға қатысуды жоспарлап отыр.

→ **ӨНДЕУ КЛАСТЕРІ**

Былғары зауыты жаңа өнімдер шығаруда

Семейдегі 10 жыл бойы жұмыс тоқтап тұрған тері-былғары зауыты жарты жыл ішінде өндірісті қалпына келтіріп қана қоймай, экспортқа да бет алады. Енді кәсіпорын өндірістік қуаттылықты арттырып, өнім желісін кеңейтуді көздеп отыр.

БОТАҒӨЗ ӘБДРЕЙҚЫЗЫ

Осы жылдың қазынада Қазақстанның инвестициялық қоры және Kusto Group халықаралық компаниялар тобына кіретін Semy Tannery серіктестігі арасында Семей қаласындағы былғары комбинатын кейіннен сатып алу құқығымен мүлкті жалға алу жөніндегі шартқа қол қойылған болатын. Нәтижесінде инвестор бірқатар жөндеу жұмыстарын жүргізіп, тамыз айында жұмысқа кірісті. Комбинат іріқара мал терісін өңдеу, wet blue хромды илеудің экспортқа бағдарланған жартылай фабрикасы былғары өнімін өндіру және сату сынды негізгі қызмет түрлері бойынша іске қосылды. 100-ге жуық адам жұмыс істейтін комбинатта айына 250 тоннаға дейін шикізат өңделеді. Өндірістің ең жоғары қуаттылығы жылына 1,7 млн шаршы метрге дейін wet blue жартылай фабрикасын құрауға кәбілетті. Wet blue – бұл хромды илеудің жоғары сапалы жартылай фабрикасы, оның өндірісі үш фазалы тотығу үдерісін қамтиды. Бұл өнім жоғары сапасымен қоса, беріктігімен, қолайлылығымен және өзіндік құнымен ерекшеленеді. Жартылай фабрикасты жеңіл әрі жылы күрешкер, аяқ киім, аксессуарлар шығару үшін пайдалануға болады, сондай-ақ қапталардың барлық түрлері, белдіктер және басқа да бұйымдар жасалады. Жартылай фабрикаларды өндіру технологиясында қолданылатын шикізат пен қажетті химиялық заттарды



жергілікті өнім берушілер жеткізеді, кейбірі Ресейден сатып алынады.

Алдағы уақытта өндіріс ошағында жаңа өнім шығару көзделген. «Келесі жылы өндірісті ұлғайтуға жоспарлап отырмыз. Яғни, егер қазір, желтоқсан айында 250 тонна шикізатты қайта өңдеуге аласақ, қантардан бастап ай сайын оны 300-350 тоннаға дейін ұлғайтуға пайдалануға байланысты, теріні кейіннен қайта өңдеуді көздейтін арнайы ауқымды тәжірибенің жоқтығынан, біздің жоспарымызда осы зауыт үшін жаңа өнім – белкозин мен желатин шығарылатын болады. Мұндай өнім елімізде де, шетелде де сұранысқа ие, бірақ әзірге Қазақстанда шығарылмайды», – деп атап өтті кәсіпорын-

ның коммерциялық директоры О.Бауыр.

Белкозин – бұл теріні және шелді алып тастағандан кейін қалатын табиғи ауқыз өнімі, ол тағамдық қоспаларды, арнайы жемді, сондай-ақ шұжыққа арналған жеуге жарамды қабықты жасау үшін қолданылады. Ал келесі деңгей – желатин, Қазақстанда ол 100% импортталды. Желатин – бұл ішінара гидролизденген ауқыз, жануарлардың дәнекер тінні өңдеудің нәтижесі. Ол негізінен азық-түлік өнімдерін, капсула түріндегі фармацевтикалық дәрілік заттар, дәрілік қабықшаларға арналған суда еритін қабықтар, сонымен қатар кір жуғыш және ыдыз жуатын машиналардың таблеткаларын дайындау үшін қолданылады.

Былғары пандемия компанияның жоғары қуаттылыққа жету жөніндегі жоспарын тежеп, мезесін өзгертті. Елдер мен аймақтар арасындағы шекаралар жабылған кезде дайын өнімді экспорттау мен қажетті химикаттарды импорттауға, аймақтардан шикізат жеткізуге мүмкіндік болмады. Қиындықтарды еңсеріп, өндіріс қарқынды біртіндеп арттырып жатқан зауыт жүктемесі қазірде шамамен 30-40 пайыз. Өңдеуге дайын 800 тоннаға жуық ірі қара терісі сатып алынған. «Қазан айында өнімнің алғашқы партиясы экспортқа жөнелтілді. Біз Қазақстан бойынша шикізат сатып алу желісін құрып, отандық тауар өндірушілермен серіктестікті жаңа қойдық», – деп бөлісті «Semy Tannery» ЖШС атқарушы директоры Р.Бисенов.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

► **ӨНЕРКӘСІП**

ӨН ҮРДІС САҚТАЛДЫ

2020 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің барлық секторларында өсім бар. Атап айтқанда, машина жасау саласында 116,4% деңгейінде тұрақты өсім сақталды. Автокөлік құралдары, трейлерлер және жартылай тіркелмелер, өзге көлік құралдары мен электр жабдықтарын жасау, машиналар мен жабдықтар өндірісі өсті. Түсті металлургияда да оң динамика байқалып, өсім – 102,2%-ті көрсетті. ИИДМ дерегінде келтірілгендей, тазартылған алтын, құйма алтын өндіру, түйіршіктердегі күміс, Доре қорытпасы, бастапқы алюминий және басқа да көрсеткіштерінің өсуіне қол жеткізілді. Қара металлургияда өсім 100,4%. Арматура прокаты, ферро-силико-марганец, арматуралар, шарлар өндірісі өсті. Түсті металлургияда тауар өндірісі өсті. Фармацевтика өнеркәсібі ішкі нарықтың ең қажетті өнімдерге сұранысын толық өтеп, өндіріс көлемін 139,5%-ке жеткізді. Желі өнеркәсіміне өндіріс 15,5%-ке өсті. Бұл тоқыма бұйымдары өндірісінің, киімнің және былғары өнімдерінің ұлғаюына байланысты. Қағаз және қағаз өнімдері өндіріс көлемінің өсімі 14,6%-ті құрады. Ағаш және тағам бұйымдары өндірісі көлемі 47,3% артты. Көлік саласында нақты көлем индексі 2020 жылдың қантар-қараша айларында 82,9% болды. Дәстүрлі сегменттердегі тасымалдардың төмендеуіне қарамастан, контейнерлік жүктерді транзиттік тасымалдауда оң нәтижеге қол жеткізілді. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 799,7 мың жиырма фунттық балама тасымалданды. Өсім – 136%. Көліктің барлық түрімен жүк тасымалдау көлемі 3,6 млрд тоннаны немесе былтырмен салыстырғанда 93,2%. Құрылыс саласында нақты көлем индексі 2020 жылдың қантар-қараша айларында 112,1% болды. 15 өңірде оң динамика байқалды. Республика бойынша барлығы 106 мың 86 баспана пайдалануға берілді.

► **АГРОИНВЕСТИЦИЯ**

СКО: ӨНІР КӨШ ІЛГЕРІ ТҮР

Ауыл шаруашылығы – Солтүстік Қазақстан облысы үшін негізгі сала. Өндіріс қазір бұл секторды өрғартпауды бағыты өз жемісін береді.

Ауыл шаруашылығы өнімнің көлемі – 700 млрд теңгеге жетті. Бұл 2019 жылдың қорытындына 89 миллиард теңгеге көп. Жыл соңына дейін 115 миллиард теңге инвестиция тартылады. Осылайша, аймақ елдегі агроинвестицияның 25%-ін қамтамасыз етеді. Құрақшылыққа қарамастан, аймақ дәстүр бойынша ел астығының төрттен бірін және майлы дақылдардың үштен бірін жинады.

«Өңір дикандары республикада техниканы жаңарту және минералды тыңайтқыштарды өсіту бойынша көш басында тұр. Біз өсірілген өнімді мейлінше қайта өңдеуіміз керек. Өздеріңіз білетіндей, астық өңдеу бойынша сегіз жылдық үзілістен кейін «Биоперейшн» ЖШС ірі жобасы қалпына келтірілді. Жақында зауытты жаңғыртудың үшінші кезеңі аяқталды, оған инвестор 12 млрд теңге салды. Енді кәсіпорын крахмал, глютен, желімтепкен бірге биоэтанол өндіреді. Биоэтанол, ең алдымен, отындағы оқпанды көбейтеді. Өнімге сұраныс жоғары. Қазір Павлодар мұнай өңдеу зауытына биоэтанол жеткізуге шарт жасастық. Бастапқы кезеңде жылына 20 мың тонна биоэтанол өндіру жоспарлануда, оның көлемі біртіндеп 36 мың тоннаға дейін ұлғаяды. Осылайша, біз елдің өсіміне деген қажеттілігін толығымен жабамыз», – деп облыс әкімі Құмар Ақсақалов ОКК брифингінде.

► **ЕЛДІ МЕКЕНДЕР: ЦИФРЛЫҚ ДАМУ**

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚАՒТАЛАР ҚАЛАЙ ЖАСАЛУДА?

Елді мекендерінің жер үсті және жер асты коммуникацияларын түгелдей және шифрлану, аумақтың санлық жоспарларын құру мемлекеттік қала құрылысы қаластырып базалық деңгейіне ену үшін жүзеге асырылады.

«Мемлекеттік құрылысқа» РМҚ бас директоры Т.Мұсабаевтың айтуынша, инженерлік коммуникацияларды цифрландыру арқылы желідегі жүктемеді бақылау және уақытында қуаттылықты арттыру, қондырғылар және жаңа қондырғыларды инженерлік желілерге қосу процесін жеңілдету мүмкін болады. Сонымен қатар жолдарды жылумен жабдықтау объектілерін, сумен жабдықтау, каналданып жатқан нысандарды жөндеу және басқа құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде желілерді апаттық деңгейіне айтарлықтай төмендетеді. Қазір түгелдей процесі Жерді қашықтықтан зондтау материалдарын: пилотсыз ұшу аппараттарынан аэрофототүсірілме (ПАС) және ғарыштық суреттер түсіруді қолдана отырып желідегі кезеңді жеңілдетуде.

Пилотсыз жүйелерді пайдалану жеке тұрғын үйлермен қамтылған аудандарда жеткі орын (әр аудала кіру мүмкіндігі болмаған кезде) орындарды түсіруге өте тиімді. Қазіргі уақытта бұл жұмыстар Павлодар, Шымкент, Петропавл, Ақтөбе, Орал, Тараз, Қызылорда, Өскемен және Ақтау қалаларында жүргізілуде. Түгелдей нәтижелері бойынша барлық коммуникациялар мен ғимараттардың орналасуы туралы егжей-тегжейлі ақпараттар елді мекендердің цифрлық электрондық картасы жасалады.

Ботағөз ӘБДРЕЙҚЫЗЫ

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай
БЕКБОЛАТУҰЛЫ,
ал-Фараби
аттыдағы ҚазҰУ
профессоры

e-mail:
Zhetpishay.Bekbolatuly@kaznu.kz



Келер жыл келеді екен не дайындап?

Желтоқсанның соңғы сағаттары соғып, «басқан жері сыйқарған көрі қуда» қыстың құтты қоңаы – Жаңа жылды қаржы жоспарын өткізуге асыққан есеп-қисапшылар ғана емес, алдағы бағындар асулары айқындап, күрделі кезеңдерден сүрінбей өту жолдарын тығбай ізвестіріп жатқан таламашы-экономистер де тағатыздана тосула. Пушкиннің әйгілі «Евгений Онегин» елен-романын аударған ұлы Абай бас қаһарманның аузына «Келер күн келеді екен не дайындап, Қараңыз, қарағанмен болжай алман?» деген сөз алады. Бас тақырыққа илан ұлдарының лұғатан өзгерте пайдаланғанмызға шөйілер аруының көшірім өтінө отырып, мөселені мәнісіне көшілқ.

Болашақты тап басып болжау қиын, албетте. Дегенмен, қазіргі заманғы есептеу техникасының көмегімен ел экономикасының иқтимал даму моделдері көптен бері түзіліп келеді. Келер жылға арналған талама негізінде оптимистік болжам жасауға әбден қақымға бар. Мөселен, экономикамыздың құрылымына сәйкес мұнай бағасы экономикалық белсенділік пен инфляциялық үдерістердің ағымдағы және болашақтағы серпінін айқындайтын негізгі факторлардың бірі ретінде қаралады. Ал, өндіру көлемін шектеу жөніндегі ОПЕК+ мөліссен сақтау және қарантиндік шектеулерді айып тастау аясында энергия ресурстарына сұраныстың артуы жалпы мұнайға баға белгілеудің өсуін қалпына келтіргені белгілі. Халықаралық агенттіктер орташа алғанда Brent сұрыпты мұнайдың бағасы 2020 жылдың соңына дейін бір баррель үшін 40 АҚШ доллары және келер 2021 жылы бір баррель үшін 45 АҚШ доллары болатынын болжап отыр. Дегенмен, сұраныстың бұдан былайғы серпініне қатысты белгісіздік пен әлемдік тауар нарықтарындағы құбылмалылық сақталуда. Сондықтан Қазақстан экономистері 2020-2021 жылдары Brent сұрыпты мұнайдың бағасын орташа алғанда бір баррель үшін 40 доллар деңгейінде қарастыруға. Мұнайдан бастаумен қатар Қазақстанның сауда өріітес елдеріндегі экономикалық белсенділік пен инфляция серпіні, әлемдік тауар нарықтарындағы жағдай, азық-түліктің әлемдік бағасы қосымша сыртқы факторлар санатында қаралады. Фискалдық саясаттың бағытталығы, экономика салаларындағы жағдай, халықтың кірісі, еңбек нарығы мен монетарлық көрсеткіштері ішкі факторлар ретінде алынатыр. Болжанатын макроэкономикалық жағдайға келесек, 2020 жылы ішкі жалпы өнім ішкі сұраныс пен экспорттың азынауына байланысты 2,0-2,3 пайызға төмендейді. Түтынушылық сұраныс қысқаруы ықтимал. Бұл пандемиямен күрес бойынша шектеу шараларына, халықтың нақты ақшалай кірісінің теріс серпініне және еңбек нарығындағы қалысыз жағдайға байланысты туындап отыр. Мұнай бағасының төмендеуі, сондай-ақ экономикалық белсенділіктің бөсеңдеуі және «ТеніШевРойлды» кеңейту бойынша құрылыстың қарқын алып, жоғары мөреге жетуі инвестициялық белсенділік төмендеуінің негізгі факторы болды. Экспорт сыртқы сұраныстың құлдырауына және ОПЕК+ келіссенімнің қолданылу шеңберінде өндіру көлемінің қысқаруына орай теріс серпін көрсете бастады. Сонымен қатар мемлекет тарапынан қабылданған контракттық шаралар сыртқы және ішкі жағдайлардың нашарлауынан туындаған жағымсыз салдарларды реттеуге тиіс. Ішкі тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың төмендеуі импорттың қысқаруына өкелуі мүмкін, мөселен өзі сыртқы сұраныстың кеңеюінен туындайтын түрлі әсерді ішпнара өтей алады. Соңғын, үстеміздегі жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция 8 пайызға дейін, яғни бұрын жарылғаннан 8-8,5 пайыздық аралықтың төменгі шегіне жуық қалыптасатынын болады. Инфляциялық үдерістер азық-түлік тауарлары бағасы өсуіне факторы қарқынды, айырбастау бағамының баға белгілеу үдерістеріне ауысуы және ақшалай қызметтер инфляциясының біршама жеделдеуі аясында үдемек.

Халықтың ақшалай нақты кірісі серпінінің төмен болуы және күтіліп отырған әлемдік азық-түлік тауарлары бағасының түсуі бияғылы жылы инфляцияның өсуін шектейді. Ал, келер 2021 жылдың соңына таман инфляция 4-6 пайыздық нисаналы дәліздің жоғары шегіне қарай «төмендейді». Бұл тұжырым бидайға қатысты күтіліп отырған оң болжамдар аясында азық-түлік тауарлары бағасы өсуінің ақырындауына және 2020 жылғы инфляцияның жоғары кезеңінің аяқталуына қатысты туындаған. Сонымен қатар инфляцияның барынша баяулау үдерісі келер жылы республикалық бюджеттің жоғары тапшылығына және 2020 жылмен салыстырғанда сыртқы инфляциялық аянып азап артуына орай шектелмек. Сөз етіліп отырған болжамдардың орындалу ықтималдығы мен әлеуетті тәуекелдер жөніндегі пікір-пайымдар ел экономикасындағы өзара байланысты белгіліліктің макроэкономикалық үлгілерді бағамдауға негізделіп отыр. Және бұл сценарийлерде мұнай бағасы, ішкі жалпы өнім және Қазақстанның сауда серіктес елдерінің инфляциясы, фискалдық саясаттың өлшемдері және басқа барынша иқтимал сәткір және ішкі алтыншарттардың алдағы бағдары ескерілгенін атап өткеніміз жөн. Іс жүзінде бұл факторлардың бағыты өзгеше сипат алуын жолға шығаруға болмайды, сондай-ақ нақты серпініге қаржылық дағдарыстар, саяси дауа-дамайлар, адамзатқа қауіпті дерттердің әсері және тағы басқа тосын оқиғалар ықпал етуі мүмкін. Осыған сәйкес базалық болжаммен қоса балама сценарийлер де алға тартады. Мөселен, пессимистік сценарий ретінде COVID-19-ға байланысты жағдайдың нашарлауынан мұнайдың әлемдік қорының өсуі немесе өннің ұсынысының ұрлауы аясында мұнай бағасының алдағы жылы бір баррель үшін 30 АҚШ долларына дейін құлдырауы сценарий қарастырылған. Ол ақиқатқа айнаған жағдайда келер жылы өлімізде ішкі жалпы өнім өсуі базалық болжамға қарағанда төмендейді. Сондықтан да талама авторылар шаруақор қауымға «арық сөйлеп, семіз шығуды» ұсынып отыр.

ҚАРЖЫ

E-shopping қалай дамып келеді?

Онлайн-сатып алулар мен төлеулер қазақстандықтар үшін есеп айырысуының негізгі тәсілі болып табылады. Ретейлер мен банктер e-shopping дамуын белсенді түрде ынталандыруда, деп жазыды Finprom.kz сайты.

ИСА КАМБАП

Интернет-төлемдер көлемі бес жылда 331 есе өскен. Қазақстан интернет жылдамдығынан әлемнің 176 елдері арасында 63-інші орынға көтеріліпті.

ҚР тұрғындары үшін онлайн-төлемнің есеп айырысуы негізгі тәсіліге айналғанын мына деректер де айғақтай түскендей. Ағымдағы 21,3 трлн тенгеге интернет пен телефондары арқылы сатып алулар мен басқа да төлемдерді жүзеге асырған. Бұл бір жыл бұрынғыдан үш есе көп және бес жыл кейінгі кезге қарағанда, 331 есе өскен.

Ал, ҚР-да қолданылған қазақстандық және шетелдік қартөлемдер бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерде бұл бір жыл бұрынғы 69,9%-ға және бес жыл бұрынғы бар-жоғы 9,9%-ға қарағанда, енді 81,4%-ды құраған; төлем қарталары бойынша жиынтық айналымын 2019 жылғы бар болғаны 1%-ға қарағанда – 53,6% құрап отыр.

Қазақстандық қаржы институттары онлайн-төлем нарығын жан-жақты дамытуда. Жаңа сервістер, тиімді ұсыныстар пайда болуда және заманауи технологиялық шешімдер қабылдануда. Соның ішінде қазақстандық банктер – мерзімдеріне қатысты, сайт немесе мобильді қосымша арқылы сан алуан тауарларды бөліп төлеу немесе кредитке сатып алуға болатын – өздерінің сату онлайн-аландарын құруда. ForteMarket осындай аландардың бірі болып табылады.

Желтоқсанның 14-інен 31-іне

дейін ForteMarket-те жаңажылдық мереке алдындағы тиімді арнайы ұсыныс іс үстінде: 12 және 24 айға артық төлемсіз бөліп төлеу жолымен тауарлар алу мүмкіндігі берілген. 12 айға бөліп төлеу құны 10 мыңнан 600 мың тенгеге дейінгі тауарларға, ал 24 айға – 50 мыңнан 600 мың тенгеге дейінгі тауарлар ауқымына арналған. Еліміздің ірі қалалары бойынша жеткізіп беру мүмкіндігі де қарастырылған (инфографика).


Speedtest Global Index рейтингтік агенттігінің мәліметтері бойынша Қазақстандағы орнықты кеңжолды интернет-қосымшалы жалпы алғанда айтарлықтай бірқалыпты: қазан айында еліміз әлемдегі 176 елдердің ішінде 63-інші орын алған – бұл осыдан бұрынғы бір айдағыдан 4 пункт жоғары, және де, бір жыл бұрынғыдан, 6 орынға жақсырақ екен.

Стационарлық интернет жылдамдығы бойынша үздік елдер – Сингапур, Гонконг пен Румыния; ең нашар көрсеткіш – Түрікменстан енісінеде (таблица).

Электрондық-шопинг дами түскенін тағы бір танымал халықаралық аудиттік және кеңес беруші – PricewaterhouseCoopers (PwC) компаниясы да растап отыр. «2020 жылдың үшінші тоқсанында Қазақстанда ТЖ ретімі алып тасталыны, Дегенмен, тұтынушылар офлайн-дүкендердегі «өдеттегідей» сатып алу қалпына кайтып оралуға мүмкіндік туса да, транзакциялар саны мен орташа чек көлемі өсуін одан әрі жағастырған», – деп атап көрсетеді PwC сарапшылары.

Мұны олардың зерттеулері дәлелдеп отыр. Сол мәліметтерге сәйкес, бөлек сауда электрондық коммерция нарығының көлемі 2020 жылдың III тоқсанында II тоқсанмен салыстырғанда 186 мың тенгеге деңгейі, яғни, 65%-ға өскен. Ал сол кезеңде транзакциялар саны 28% артыпты. Бұл ретте орташа чек құны 26 мың тенгеге дейін өскен.

Интернет пен ұялы телефон арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдер. Қаңтар-қазан (трлн тг)



Қазақстандық және шетелдік эмитенттер шығарған төлем карталары бойынша құралдардың ҚР-дағы жиынтық айналымы



*2018 жылға дейін «интернет-ресурсы» көрсеткіші есепке алынды.

ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтері негізінде

Finprom.kz

Таблица

Интернет жылдамдығының ай сайынғы әлемдік рейтингі. Орнықты кеңжолдақты байланыс. 2020 ж. қазан

Орны	Бір айдағы өзгеріс	Елдер	Жүктеу жылдамдығы (Mbps)
1	+	Сингапур	229,24
2	-	Гонконг	215,19
3	-	Румыния	188,55
4	-	Швейцария	186,40
5	-	Тайланд	185,58
6	+	Дания	179,81
7	+	Андорра	178,10
8	-	Франция	177,93
9	-	Венгрия	169,52
10	-	Монако	167,90
63	+	Қазақстан	50,74
176	-	Түрікменстан	3,81

Speedtest Global Index мәліметтері негізінде

Finprom.kz

СЫРТҚЫ ФАКТОР



11-20 желтоқсан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 20 желтоқсанда тенгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,4%-ға (419,09-дан) нығайтып, бір АҚШ доллары үшін 417,42 тенге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 11-20 желтоқсан аралығындағы кезеңде АҚШ экономикасының ынталандыру туралы заң жобасы бойынша ігерілеу және ФРЖ басшысының ұзақ уақыт бойы жеңіл саясатты сақтау жоспарлары туралы түсініктемелері аясында дамушы елдер валюталарының көпшілігінен оң серпін байқалды. АҚШ реттеушісі мәліметтерде анағұрлым оптимистік көзқарасты тандай отырып, ақша-кредит саясатының өлшемдерін өзгертіпті. Ұлыбритания Премьер-министрінің айтуына Брекзит жөніндегі келіссөздер «күрделі жағдайда» тұр, тараптар арасында, әсіресе бальк алауға қатысты келіспеушіліктер сақталып отыр. АҚШ президенті Дональд Трамп Қытай компанияларының акцияларын АҚШ биржаларына орналастыруды шектейтін заңға қол қойды. Ұлыбританияда коронавирустың жаңа түрі табылды және аурудың тез таралуы сонымен байланыстырылды.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

- Оңтүстік Африка ранды АҚШ-та жаңа ынталандыру шараларын жылдам қабылдау бойынша күтулерге байланысты инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жақсаруы аясында 4%-ға (15,14-тен 14,54-ке дейін) нығайды;
- Түрік лirasы реттеушінің



жакет болған жағдайда ақша-кредит саясатын қатаңдау, сондай-ақ инфляцияны төмендету және резервтерді жинақтау үшін шаралар қабылдау туралы үделері аясын-

да 2,9%-ға (7,85-тен 7,62-ге дейін) нығайды;

• Мексика песосы инвесторлардың тәуекел дәрежесінің ұлғаюынан АҚШ доллары бағамының

әлсіреуі, сондай-ақ инфляцияның бөсеңдеуіне қарамастан, негізгі мөлшерлеменін қатарынан екінші рет 4,25% деңгейіне сақталуы аясында 0,9%-ға (20,13-тен 19,95-ке дейін) нығайды;

• Үнді рупиясы АҚШ-тың Үндістанда айырбас бағамына қатысты күрделі іс-әрекеттер жасай алатын бақылауға елдердің тізіміне қосу туралы шешімінің кейін ОБ-ның валюта сатып алуы қысқарту мүмкіндігін қатысты 0,1%-ға (73,65-тен 73,57-ге дейін) нығайды;

• Индонезия рупиясы ОБ басшысының рупияның 10%-ға бағаланбағандығы туралы мәліметіне қарамастан, 0,2%-ға (14 080-нен 14 110-ға дейін) әлсіреді;

• Бразилия реалы коронавируспен асуу санының артуы, сондай-ақ қазанда экономикалық белсенділіктің алтыншылардың күткенінен де төмен 0,86%-ға өсуі туралы деректердің шығыс аясында 0,4%-ға (5,06-дан 5,08-ге дейін) әлсіреді;

• Ресей рублі өткен аптада айтарлықтай өскеннен кейін пайдаы белгілеу шеңберінде 0,6%-ға (73,02-ден 73,44-ке дейін) әлсіреді. РФ ОБ негізгі мөлшерлес деңгейі өзгеріссіз сақтал қалды (4,25%), бұл ретте реттеуші басшысы ақша-кредит саясаты бағытының 2021 жыл бойы жеңіл болып қалатынын туралы шабулды.

* Уақыты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздерінде негізінде апта сайын дайындалады;

** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағиған неғұрлым көп сапталатын дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Қолжетімді технология: Баламалы энергия көздері

Қазақстан ең озық қолжетімді технологияларды (ЕКТ) енгізуі әлеуметтік жағынан жаңы реконструкциямен байланыстыру мүмкін. WESCOOP-тің қоршаған ортаны қорғау және ЕО-ның экологиялық заңнамасы жөніндегі негізгі сарапшысы Владислав Бизек Нұр-Сұлтан қаласында «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» ЖЕАҚ алаңында ұйымдастырылған «Жасыл» экономика және ЕКТ қағидаларына көшу мәселелері жөніндегі II халықаралық конференцияда сойлеген сөзінде осындай ұсыныс жасады.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Іс-шара Қазақстан мен Ресейдің XVII аймақаралық ынтымақтастық форумы аясында онлайн және офлайн форматта өтті. WESCOOP-тің қоршаған ортаны қорғау және ЕО-ның экологиялық заңнамасы жөніндегі негізгі сарапшысы В.Бизектің айтуынша, оның ұсынысы – ЕКТ енгізу және ауаны ластаушы заттар шығарындарын азайту үшін электр станцияларын қайта құру арқылы қол жеткізуге және жалпы энергия тиімділігін арттыруға ЕО-ға мүше кейбір елдердің тәжірибесіне негізделген.

Төмен көміртекті және жанар-тылған энергетикаға қайта бағдарлау бойынша әлемде ата-өлітін үндіске қарамастан, Еуропа елдерінде көмір жағатын ірі жылу станциялары әлі де жұмыс істейді. Энергетикалық теңгерім құрылымдағы көмір үлесі бойынша топ-5 елге Германия, Польша, Чехия, Нидерланды, Улыбритания кіреді. Еуропаның ең ірі көмір генерацияларының қатарына Польшаның Белхатов (5102 МВт) пен Кошуваның (4016 МВт), сондай-ақ Германиядағы Нойрат (4200 МВт), Нидерланд (3400 МВт) және Яншвалде (3000 МВт) кіреді. Олардың барлығы ең озық қолжетімді технологияларды пайдалануға арқасында экологиялық көрсеткіштердің



айтарлықтай жақсаруына қол жеткізді және бүгінде экологиялық таза газбен және жанартылған энергия көздерімен жұмыс істейтін «ұқсас» энергия объектілерімен табысты бөкелесуде. Осылайша, ЕКТ мен қайта құрудың арқасында ЕО-да шаң шығарындарының 84%-ға, күкірт диоксиді – 86%-ға, азот оксиді – 57%-ға, көміртегі диоксиді – шамамен 31%-ға азайды.

В.Бизек хабарлағандай, Германияда жанадан салынған көмір электр станциялары – белгіленген қуаттылығы 750 МВт және инвестициясы 1,4 млрд еуро Люнен (2013 жылы), сондай-ақ белгіленген қуаттылығы 1,1 ГВт, таза ПЭК 45% астам және инвестициясы 1,5 млрд еуро Даттегел 4 (2020 жылы) – ЕКТ талаптарына толық сай келеді. Сонымен қатар, ол Чехияны мысал ретінде айтып өтті, мұнда 1993-1998 жылдар ішінде ЕКТ енгізудің және энергия объектілерін жаңғыртудың бірінші кезеңі нәтижесінде SO2 мен шаң шығарындарының 90%-ға, NOx-50%-ға төмендегені тіркелген. Инвестицияның жалпы көлемі 3,63 млрд долларды құрады, қабылданған шаралардың әсері барлық күткен нәтижеден асып түсті. Елдегі ең ірі инвестициялық жобалар 2012 жылы

құны 1 млрд еуро болатын Тушимца II электр станциясын (4x200 МВт) жаңғыртуды аяқтау және 2017 жылы қуаттылығы 660 МВт, құны 1,4 млрд еуро болатын Ледавце электр станциясын жана блогын іске кесту болды.

Қазақстанда аса ірі энергия объектілеріне ЕКТ енгізу қайта құру және жаңғырту бағдарламасының бір бөлігі бола алады деп есептейді сарапшы. Бүгінгі таңда елімізде көптеген ірі өнеркәсіптік компаниялар осы мақсаттағы айтарлықтай ақша қаражатын инвестициялай отырып, ең озық қолжетімді технологияларды енгізу және өз өндірістерін жаңғырту жөніндегі бағдарламаларды іске асыруда. «ҚазМунайГаз» ҰК АҚ техникалық даму басқармасының бастығы Дмитрий Макевичтың айтуынша, мысалы, Атырау МӨЗ-де және Шымкент МӨЗ-де ең заманауи каталитикалық крекинг кешендері салынды, оларды жобалау кезінде бағын бастан қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін барлық жаңғырт ОҚТ салынды. Атап айтқанда, бұл кешендерде әлемдегі ең жақсы каталитикалық крекинг газдарын тазарту жүйелері енгізілген (BELCO). Сонымен қатар, кейбір қолданыстағы қондырғыларда

айтарлықтай инвестицияларды қажет етпейтін, бірақ қажетсіз шығарындардың санын азайтуға мүмкіндік беретін ЕКТ енгізу жоспарлануда. Мұндай «шағын» ЕКТ енгізу МӨЗ-де үнемі жүргізіліп тұрады және қолданыстағы тиімділікті арттыру бағдарламаларында қарастырылған делі ол. Сондай-ақ Атырау облысындағы экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында мемлекеттік басқару органдарының талабы бойынша АМӨЗ-де 2019 жылы «Tazalyq» табиғатты қорғау іс-шараларының жобасы қабылданды.

«Қазмырыш» ЖШС бас экологы Қазтай Такеев хабарлағандай, экологиялық көрсеткіштерді жақсарту бойынша осындай іс-шаралар «Қазмырыш» кәсіпорындарында да тіркелген. Мұнда ұйымдастырылмаған шығарындарды үздіксіз бақылау ең ықтимал газ бөлінетін жерлерде өнеркәсіптік алаңда орналасқан күкірт диоксидіне газ талдағыштар арқылы жүзеге асырылады. Өскемен шекарасында «Қазмырыш» ЖШС қолданымен өнерлік автоматтандалу мониторинг жүйесі жұмыс істейді, оның деректері жалпыға бірдей қолжетімді. Ағынды суларды тазарту үшін дәстүрлі өктен басқа әртүрлі маркадағы флокулянттар: Zetag, MagnaFloc, Floeram, UG (Ресей, Франция), табиғи жергілікті сорбенттер, сондай-ақ суды тазартатын жана құрал – «Квант Минерал» ЖШҚ ГЛИНТ синтезделген белсендірілген алюминосиликатты сорбенті қолданылады (Ресей). Бұрынғы Семей аялдық сынақ полигонның аумағында құрамында құшала бар өнеркәсіптік қалдықтарға арналған жана полигон салынды. Учаске елді мекендер мен су айдындарынан қашық орналасқан, полигонның қатпарлары көп қабаты сүзгіге қарсы экранмен жабықталған және экологиялық талаптарға толық сәйкес келеді. Мұның бәрі, сарапшы айтып өткендей, ЕКТ қағидаларына сәйкес келеді және халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚОҒАМЫ

Кәсіби қолдау: Мәселені шешудің негізгі жолы – инклюзивті білім беру

Алматыда инклюзивті білім беру және мүгедектерді жұмысқа орналастыру мәселелеріне арналған ауқымды онлайн-конференция өтті. Аталмыш іс-шараға «Прогресс» колледжінің басшылары мен тәжірибелі мамандары, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Іле аудандық мәслихатының және БАҚ өкілдері қатысты.

НҮРЛАН ҚҰМАР

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) бағалауы бойынша әлемдегі еңбекке қабілетті жастағы халықтың жалпы саны ішінде 386 миллион адам мүгедек болып табылады. Кейбір елдерде мүгедектер арасындағы жұмыссыздық 80 пайызға жетеді, өйткені қызмет берушілер мүгедектер жұмыс істей алмайды деп санайды. Қазіргі уақытта бұл мәселені шешудің негізгі жолы инклюзивті білім беру болып табылады. «Мен инклюзивті оқытуды қолдаймын, өйткені ерекше қажеттіліктері бар адамдар қоғамда әлеуметтенді қажет етеді. Мүмкіндігі шектеулі ересектерге назар аудару өте маңызды, өйткені олар жұмысқа орналасу және жана дағдыларды үйрену үшін кәсіби қолдауды керек етеді, ал оқыту және бейімдеу бағдарламаларының көпшілігі біздің елімізде мүгедектерді бар балаларға бағытталған, ересектерге емес. «Филип Моррис Қазақстан» компаниясының қолдауымен жүзеге асырылып келе жатқан «Прогресс» колледжінің жобасы бұл онының рет 2 және 3 топтағы мүгедек адамдарды кәсіби дағдыларды оқыту бағдарламасының түрлерін шығарды, оның ерекшелігі – ересектерге арналды. Бұл олардың қоғамға әлеуметтік интеграциялануына бағытталған, өйткені оларға қарым-қатынас пен білім алмасу маңызды», –

делі «Прогресс» колледжінің директоры Жанна Темпекбаева.

Спикер бағдарлама ерекше қажеттіліктері бар адамдарды нарықтағы сұранысқа байланысты өзгеру және толықтырылу үстіндегі мамандықтарға оқытуға бағытталғанын айтты. Әр жылдары арнайы дайындықтан өткен оқытушылар өздерінің ерекше оқушыларына пішу және тігу, сабын жасау, аспаздық ісін негіздері, шаштараз, санйрауқұлақ өсіруші, маникюр маманы, аяқ киім жөндеу, сонымен қатар компьютерлік сауаттылық сынды мамандықтарға үйретті. Жақында оқу бағдарламаларына SMM негіздері қосылды, бұған қоса студенттер бизнес, бухгалтерия және салық жүйесі негіздерімен танысады. Осы жылдар ішінде жоба аясында оқудан өткен 300 адамның 60-тан астамы жеке кәсіпкер атанды, өз ісін ашыпайта қету маңызды.

Іле аудандық мәслихатының хатшысы Роза Әбілова Алматы облысының Іле ауданында 4 мыңға жуық мүгедек тұрып жатқанын және оларды оқыту, жұмысқа орналастыру, бейімдеу және әлеуметтендіру мәселелерін бізге, қоғамдық ұйымдар мен мемлекет арасындағы әлеуметтік серіктестік арқылы тиімді шешуімізге басыпаны атап өтті. Бұл тәсілдің сәтті мысалы ретінде «Прогресс» колледжінің бағдарламасы атауға болады. «Өкінішке қарай, көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолданыстағы бағдарламалар туралы ақпарат жетпейді. Сондықтан бұл қызметке біз депутаттарды белсенді түрде тартамыз, олар өз саялаушыларына ақпарат берсе осы мәселені қозғай алады. Мысалы, Кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес



мүмкіндігі шектеулі адамдар кәсіби біліктілік ала алады және өз бизнесін ашу үшін грант иеленуі мүмкіндігі бар», – делі Роза Әбілова.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша Алматы облысында 67 648 мүгедек тұрады, алайда облыстың өзге аудандарында оларды оқыту мен жұмысқа орналастыру проблемалары Іле ауданындағыдай сәтті шешілуі де айтп қиын. Қашпағай қаласындағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры Алмағұл Камбаров ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған инклюзивті білім беру мәселесін шешуде туындаған проблемалар мен бастамалар туралы аталмыш қала үлгісінде айтып берді. Негізгі проблемалардың қатарында кейбір сәулі өбектілеріне қажеттіліктері шектеулі адамдар үшін қолжетімділіктің, арнайы көліктің болмауы (қалада бір жана инвентар сип бар), жалпы білім беретін мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті білім беруді

жүзеге асырудағы қиындықтар аталды. «Атамекен» жүйелі негізде мүгедектігі бар адамдарды бизнес негіздеріне оқытуды. Пандемия кезінде ол тоқтатылмады, онлайн режимге көшті. Бірық саны 56 қашықтықтан оқыту сабақтарының сериялары әзірленді, осының аясында «Бастау бизнес» бағдарламасы қатысушылары онлайн тәсілден өтіп, бизнес-жобаларын қорғайды. Оқуды сәтті тәмамдағандар сертификат алып, біздің бағдарлама бойынша да, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша да грант байқауына қатыса алады», – делі Алмағұл Камбаров.

Сарапшылар мен БАҚ өкілдері үшін тиімді диалог алаңына айналған конференцияда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған инклюзивті білім беру саласындағы қазіргі проблемалар мен бастамалар, ерекше қажеттіліктері бар қазақстандықтарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының қолжетімділігі мен тиімділігі және тағы басқа өзекті мәселелер талқыланды.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЭКОЛОГИЯ: ЖАСЫЛ ЖОБА

АЛМАТЫНЫҢ ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАНЫ

Алып шаһардағы «Алматының қарағайлы орманы» аумағында 470-тен астам қылқан жапырақты ағаш отырғызылды.

Билығы жылдың басында «Еco fund tabigat» жеке-меншік қоры мен жоғарт қалалықтардың, сондай-ақ бизнес өкілдерінің қатысуымен құрылған осынау жоба аясында Жасыл экономика басқармасы мен Алатау ауданы әкімдігінің қолдауымен «Алматының қарағайлы орманы» аумағында 2 500-ден астам ағаш отырғызылды. «Алматының қарағайлы орманы» дамуы жалпы алып шаһар экологиясына ғана жағымды әсер етіп қоймай, қаланың төменгі бөлігінде тұрғындар үшін қажетті инфрақұрылым қалыптастырады. «Алматының қарағайлы орманы» біртіндеп экологиялық және спорттық іс-шаралар өтетін орманға айналады, саябақта лайықты спорттық инфрақұрылым дамиды деп күтілуде. Жобаның қолға алынуына қала аумағында жасыл жекелердің аса жетіспеушілігі негізделген «Еco fund tabigat» ЖҚ өкілдерінің зерттеулері түрткі болды. «Қазір Алматыдағы жасыл жекелер ауданы 894 гектарды құрайды, яғни қала ауданының 1,3%-ы, бұл бір тұрғынға шамамен 5 шаршы метр. Алайда, Алматы секілді өнеркәсіпті қалалар үшін ДДУ ұсынатын қазіргі заманғы норма қаланың жалпы алаңының 40-60%-ын, яғни отүстік астананың бір тұрғынына 153 шаршы метрді құрауы тиіс. Осы статистикаға сүйенсе отырып, неге Алматыда алғашымен ауырталықтар мен тыныс ауа жолдарының созылмалы аурулары бар адамдар көп деген өзекті сұраққа жауап бірден айқын болады. Жыл сайын Алматы бойынша респираторлық және аллергиялық аурулардың өсуі 7-10%-ды құрайды», – деп атап өтті «Алматының қарағайлы орманы» жобасының бастамасы, «Еco fund tabigat» ЖҚ төрағасының орынбасары Тимур Елеусізов.

Ағаш отырғызуға сарапшылар, мемлекеттік құрылымдар мен бизнес өкілдері қатысты. Іс-шараға «Учет. Evka», техника мен электроника саласында қолбасшы «Kvark», сондай-ақ «Exlusiv-Quryly» және «Техно-дом» компаниялары белсенді түрде қоллау көрсетті. Олардың көмегімен «Сергiсiз қала» және «Жасыл Алматы» бағдарламалары аясында осы жылдың басында қала әкімі Бақытжан Сағынтаев бөлген 78 жа үчаске отырғызу үшін қарағай мен шырша көшеттері сатып алынды. Білікті 1,3 м-ге дейін бір қарағай көшеті мен оның отырғызуға қажет жағдайларды дайындау құны бұрын 12 000 теңгені құрайды. Жобаға берілген жалпы алаңға 35 мыңға жуық түрлі ағаш отырғызу көзделген. «Evka» компаниясының коммерциялық директоры Данияр Сасықовтың айтуынша, еліміздің кез келген қаласының экология саласындағы негізгі міндеттері жасыл қорғау дамуы мен қорғалуды қазіргі жағдайларын тиімділеуді, жана жағдайлар жасауға бағытталуы тиіс. «Біз бизнес өкілдері ретінде өз табиғатымызды қорғауға байланысты мәселелерді шешуде жан-жақты көмек көрсетуге дайынбыз. Егер табиғатымызды қорғап, аяламақ, оның ертенімізге не қалды? Әрбір азаматтың туған табиғатқа қамқорлығы, жанашырлығы – бұл біздің ертенімізге, балаларымызға деген қамқорлық деп білуіміз керек», – делі ол.

Жоба қатысушыларының мақсаты – экосабақты қуру ғана емес, оның сапалы жүзеге асуына жан-жақты қоллау көрсету. Бұған дейін жергілікті аудандық билік атап өткендей, саябақ суармалы сумен қамтамасыз етілетін болады.

ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

ІТ-СТАРТАПТАРДЫҢ ҮШІНШІ ТОЛҚЫНЫ

Қазақстандық стартапшылар Sber500-ге қатыса алады.

Откен жұмыда Алматы облысында дөңгі даққалдар алқабының 331,3 мың гектары немесе 70,3% жиналды. Бұл – 625,5 мың тонна отын, гектар шығымдылығы 18,9 центнерден айналы, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Sber500 технологиялық кәсіпкерлер бағдарламасының өткізілетін 2021 жылдың 10 қантарына қабылданады. Бұл жолғы акселератордың алдыңғылардан айтарлықтай айырмашылықтары бар. Біріншіден, географиялық ауқымы кеңейді. Биыл тек Ресейдің ғана емес, сонымен қатар Израиль, Беларусь, Қазақстан, Латвия, Литва және Эстонияның стартаптары қатысуға өтініші бері алады. Екіншіден, оқыту және қамтуға көзқарас өзгереді. Енді, бағдарлама екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде жеті еден келген 500 үздік стартапшыларға арналған екі апталық онлайн-буклеттер ұйымдастырылады. Бүткелімітер кезінде қолданатын құндылықтар ұсынысын әзірлейді, әртүрлі мақсатты сегменттермен қашан және қалай қарым-қатынас құруға болатындығын біліп, клиентті сатып алуға ынтылаңдарыды үйренеді. Екінші кезеңде негізгі акселераторға бүткелімітері ең мықты деген 25 стартапшысы өтеді. Акселерация бағдарламасының барлық кезеңдерін бұрынғыдай Кремний алқабының тілшілері мен халықаралық сарапшылар бақырайды. Сондай-ақ биыл бағдарлама серіктестерінің саны артты. «Халықаралық ІТ-стартаптар акселераторының үшінші толқынының басталуы – қазақстандық технологиялық командалар үшін Сberдің әжәуісіне қосылуға тамаша мүмкіндік. Сberбанк Қазақстан отандық стартапшылармен, әсіресе финтех секторында бірлескен өнімдер жасау бойынша белсенді жұмыс істейді. Енді қазақстандық стартапшылар өздерінің жұмыстарымен жана деңгейге көтерілуде және өз жобаларын халықаралық кәсіби және инвестициялық қоғамға көрсетуге мүмкіндік алады», – делі «Сberбанк» АҚ ЕБ басқарма төрағасы Елдар Тенібаев.

Акселератордағы білім уақыты Демо-күнiмен аяқталады, онда стартапшылар өз жобаларын 500-ден аса инвестор, бизнес және ірі инновациялық корпорациялардың өкілдеріне ұсынады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

БИЗНЕС&МӘСЕЛЕ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ БАСПАНА: ЕРЕКШЕ ИПОТЕКА

БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖЕТІЛДІРІЛГЕН НҮСҚАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ВІ Group холдингі Сбербанкпен бірлесіп, «Ерекше ипотека» бағдарламасының жетілдірілген нұсқасын іске қосты.

Бағдарламаның жетілдірілген нұсқасында несие берудің ең жоғары сомасы 25 млн теңгеден 70 млн теңгеге дейін ұлғайтылып, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорынан кепілдеме алу қажеттілігі түріндегі шектеу алынып тасталды. Бағдарлама бойынша 15 жылға дейін несие беріледі.

«Ерекше ипотека» бағдарламасы басталғаннан бері жақсы нәтижелер көрсетті. Біз бағдарлама аясында 6 ай ішінде 3,5 миллиардтан астам теңгені игердік. Клиенттеріміз тарапынан бағдарламаға деген қызығушылықты байқап жүріміз. Сондықтан да Сбербанкпен бірге ипотекалық несиеңі жетілдіріп, клиенттеріміздің қатарын молайтуды қолға алдық. Біз қаржыландыруға байланысты шектеулерді алып тастау туралы шешім қабылдадық. Оған себеп – тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорынан кепілдік барлық нысанды қамтымағандығы өрі бұл аса қолайлы болмай шықты, сонымен қатар клиенттеріміздің таңдауына ерік бермеді. Бағдарлама мемлекет меншігінде болмаса да, аясық мәшһерлемесі бойынша басқа ұлас бағдарламалардан кем түспейді. Бұған дейін комфорт-класс жобалары мен одан жоғары деңгейдегі үйлер үшін бізде мұндай ыңғайлы өрі пайдалы ұсыныс болған емес», – дейді ВІ Group қаржылық технологияларды дамыту бөлімінің бастығы Нұрлан Онғарбаев.

Өз кезегінде «Сбербанк» АҚ ЕБ бөлшек сауда блогының кураторы Ернар Нақысбеков ВІ Group пен бірлесіп жүзеге асырылған «Ерекше ипотека» бағдарламасы қазақстандықтар арасында үлкен суранысқа ие болғанына қуанышты екендігін жеткізді. «Біздің жүзеген клиенттерімізге сапалы тұрғын үйді онтайлы қаржылық шарттармен сатып алуға мүмкіндік беріліп отыр. Бағдарламаның жаңартылған талаптары бұдан да көп адамның жаңа пәтер сатып алу туралы армандарын жүзеге асырып, отбасыларымен бірге ұзақ та бақытты өмір сүрудің мүмкіндігін беретініне сені отырғып, оларды үлкен үмітпен күтетін боламыз», – дейді Е.Нақысбеков.

Ипотеканы ВІ Group пен Nova City тұрғын үй кешендерінен үлестік қатысу келісімшартымен алынған пәтерлерді кепілге қоя отырып, табысты толық және ішінара растау арқылы ресімдей аласыздар. Қазіргі уақытта «Nura E5!» (4-кезек), «Арнау» (14-кезек), «Сердце столицы» (1-кезек), «E5il Riverside» (1-кезек), «Gulder» (2-кезек), Nova City (16 және 22-кезек), Тұран даңғылындағы Nova City (1 және 2-кезек), Рысқұлбеков көшесіндегі Nova City (1-кезек), Besterek (1-кезек), «Asyl Mura» (1-кезек), «Sezim Qala» (4, 6, 7 және 8-кезек) тұрғын үй кешендерінен пәтер сатып алуға болады.

Бағдарлама 26 қарашада басталды, толық ақпаратты ВІ Group сату бөлімдерінен және 360 нөмірі бойынша (ұялы телефоннан тегін) білуге болады.

▶ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

ЖОҒАРЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КЕҢІНЕН ЕНГІЗІЛУДЕ

Алматылықтар сақтандыру пакеті шеңберіндегі қызметтерді кеңергісіз алып жатыр.

Алып шаһарда биылғы 11 айда сақтандырылған тұрғындарға МӘМС пакеті шеңберінде 43,6 млрд теңгеге медициналық көмек көрсетілді, деп хабарлайды МСК Алматы филиалының баспасөз қызметі.

Филиал директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, қазір алматылықтар қымбат операциялар мен КТ/МРТ сынды консультативтік-диагностикалық қызметтерге жолдаманы кеңергісіз алып жатыр. Жолдама тек мемлекеттік қана емес, жеке-меншік орталықтарға да беріледі. «Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушы маңызды зор. Ол қажетті жағдайларда пациенттерге қымбат ота мен анализ түрлерін қосымша ақысыз тасырауға мүмкіндік береді», – дейді Тілеухан Әбілдаев.

Жұырда №7 қалалық клиникалық аурухананың неирохирургия бөлімі дәрігерлері сақтандыру пакеті шеңберінде омыртқаға кезекті ота жасалды. «Жалпы, неирохирургияда жеңіл ота болмайды. Себебі операция микроскоп пен навигациялық құрылғылардың көмегімен жасалады. Шағын инвазивті әдіспен жасалатын бұл ота жарықты омыртқаға зақым келтірмей алып тастауға мүмкіндік береді. Соған қарамастан, күрделі операцияның бұл түрі біздің ауруханада жиі жасалады және бұл омыртқа арасындағы жарықпен күресудің ең тиімді жолдарының бірі екені дауысы», – дейді емдеуші дәрігер, неирохирург Бақыт Алақов.

Әдетте, ота жасалғаннан кейін пациент ауруханада көп жатпайды. Дәрігерлер оны келесі күні аяққа тұрғызып, бесінші күні үйге қайтарды.

Аурухананың қадірлы құрамы мен материалдық-техникалық базасы омыртқасы мен жұлынның зақымданған пациенттерге хирургиялық көмек көрсету мүмкіндік береді.

Айта кетейік, жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын қымбат операциялар сақтандырылған азаматтарға тұрғылықты жеріне қарамастан, МӘМС пакеті шеңберінде тегін жасалады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Енді ауа тазарар ма екен?!?

Алматының Қазақстандағы ауа бассейні ең лас қалалардың бірі екені осында тұратындардың ішіндегі кімге де болса құпия емес. Соңғы кезде жағдай тіпті қиындап кетті. Бұрындары тау жақтан Алматыға қарағанда, көз алдында тұратын қара түтіңге оранған қала көрінісінен адамның жүрегі айнытып. Қазір тіпті қарауға кісі жүрексінеді. Бұндағы экологияның бұрынғыдан бетер нашарлап кеткенін мамандар көбіне қаладағы автомашиналар санының соңғы жылдары күрт ұлғаюымен түсіндіреді. Иә, шынында да санаулы жыл ішінде автокөлік әбден көбейіп кетті. Тіпті қала көшелеріне сыймайтын болды.

АҚҚАЛИ КӨПТІЛЕУОВ

2018 жылы жергілікті әкімдік Канада мен Еуропадан келген халықаралық кеңесшілермен бірлесіп отырып, қаланың даму серпінін бағалау мақсатында зерттеу жүргізген еді. Нәтижесінде 2035 жылға қарай Алматы тұрғындарының саны үш миллионды құрайды екен деген болжам жасалды. Осыны тілге тиек еткен әкімдік мұндай жағдайда жайлы өмір деңгейін сақтау үшін қаладағы қоғамдық көліктің санын анағұрлым, яғни 1,5 мыңнан 6 мыңға дейін арттыру қажет және сонымен қатар көрсетілген уақытқа дейін жеке автокөліктің санын бұрынғы қалпында сақтау керек деген тұжырымға келді. Бұл орындалуы мүмкін шаруа ма? Өткен екі жыл ішінде не өзгерді? Мәліметтерге көз жүргізіп көрейік.

Біріншіден, 28 қазанда «Алматы» телеарнасы арқылы эфирге шыққан Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мырза былай деді: «Мы продолжаем мониторинг общественного транспорта. Понятно, что в час пик на остановках большое скопление людей. К сожалению, сегодня необходимо решить вопрос увеличения количества общественного транспорта невоозможно, так как в городе дефицит автобусов в 1 тысячу единиц».

▶ АРПА-БИДАЙ АС ЕКЕН

Қазақстан ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор

Бұрын колониализм мен неоколониализм туралы тек газет-кітаптардан оқу және теле-радиохабарлардан тыңдау арқылы ғана білетініміз. Бізді, яғни ол кездегі ортақ мемлекетіміз болып саналған Кеңес Одағында, ондай құбылыс, олайша бір ұлттарды екінші бір ұлттардың қанауы жоқ деп есептелетін. Коммунистік идеология мен үгіт-насихат ісінде қалыптасқан түсінік бойынша, колониализм мен неоколониализмнің бар пайдасын дамыған Батыс Еуропа державалары және АҚШ не, дәлірек айтқанда, сонда билік құрушы капитал көрді және әлі де көріп жатыр деп саналамын.

КАЙРАТ ҚАЗАҚПАЕВ

Қазір жағдай өзгерді. Онымен бірге капиталға қатысты ғана емес, сол колониализм мен неоколониализмге қатысты өңіміздің реті де өзгерді. Нақтылап айтқанда, енді капиталды жамандау ыңғайсыз нәрсеге саналады. Оған қазір тек эконимиканы қозғатушы күш ретінде қарау ғана ретті көрінді. Ал колониализм мен неоколониализм туралы өңіміз тіпті жоқ болып кетті.

Бірақ олардың өздері шындығында ешқайда жоғалған жоқ. Бұны өз басымыздан өткерген тәжірибе де дәлелдеп жатыр. Бұрын, яғни кеңес заманында біз, яғни қазақтар, өзара сөйлескенде, Қазақ республикасы Мәскеудің колониясы ғой дегендей өңгімелерге баратынбыз. Шындығында да ол кезде державалық орталық республиканың құнды-құнды шикізаттарын өзі бекіткен арзан бағаға алып, оны шетелге қымбат бағаға сатуы әдетке айналды. Бірақ – шынның айту керек қой – сол Мәскеу алынған шикізаттың дұрыс бағасын бермегеннен, басқа жолдармен оның құнын, әйтеуір, қайтаратын. Өйткені ол кезде мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі барлық республикалар үшін ортақ



Мы можем только с одного маршрута ехать, но тогда на другом маршруте интервал увеличится, и еще больше будет скопление».

Екіншіден, 2018 жылы Алматыда 472 мыңға жуық автокөлік тіркелген болса, қазір оның саны 492 мыңнан асқан. Яғни ауыз толтырып айтарлық жетістік көрінбейді.

Бірақ қаланың атмосферасын ластайтын жалғыз ғана сол автокөлік емес. Бұған ірі-ірі өндірістік кәсіпорындар да өз үлестерін қосып жатыр. Өткен онжылдық барысында қала башылығы ондай өндірістерді бірте-бірте сыртқа көшіру сияқты шараларды қолға алған еді. Алматыда осындағы облыс аумағына көшірілген алғашқы ірі кәсіпорын темекі комбинаты болды. Аталмыш шара ағымда қаладағы тағы бір 10 шақты өндірістік кәсіпорын мекенін ауыстырды. Осы ірі зауыттар мен фабрикалардың көшілігі Алматы облысының Іле ауданына көшірілді. Негізінен бұндай шара Алматының ор-

тасында орналасқан кәсіпорндарға қатысты болған.

Олардың ішінде, ең алдымен, қаланың орталығына жақын жерде, Төле би және Гоголь даңғылдарының екі арасында, үлкен аумақты алып жататын Алматы ауыр машина жасау зауытын (АЗТМ) атауға болады. Оның башылығы Қашағай қаласындағы өнеркәсіптік зонадан өзіне жаңадан жайғасатын жер таңдап алды.

2016 жылға дейін бұндағы ауа ластануының деңгейі 194-тен 140 мкг/текше метрге дейін төмендетілген болатын. «Алматы – 2020» бағдарламасы бойынша, осы көрсеткішті 36 мкг/текше метрге дейін түсіру яғни Мәскеудегідей және Варшавадағыдай қылу жоспарланып еді. Бұндай мақсатқа қол жетті ме, әлде жетпеді ме? Осындай сұрақтың жауабы әзір белгісіз. Қалай дегенде де, корона-вирус (COVID-19) пандемиясына байланысты жарияланған карантин жағдайында Алматының ауа бассейні біраз тазарған болар. Бірақ ауылды қу-

шуберекпен сүрте беруге де болмайтын рәс.

Үстіміздегі жылы 20 қазанда ҚР премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен отырыс барысында Алматы 2-ЖЭО (жылуды электр орталығы) жаңғырту жобасы қаралып, сол бойынша тиісті шешім қабылданды. Ол жөнінде Қазақстан үкіметінің баспасөз қызметі мынадай хабарды жария етті: «Қоғамдық пікірді ескере отырып, жылуды электр орталығын төрт нұсқасынан қолданғыштағы энергетикалық қазандық агрегаттарын реконструкциялау жолымен ЖЭО-2-ні көмірден газға ауыстыру мақсатында, ЖЭО заңдастырудың талаптарына сәйкес қалда бар жеткізу және бұру инфрақұрылымын пайдалануға мүмкіндік берілді. Бұл ретте қоршаған ортаға әсері барынша азайтылады – күкірт тотығының, күлдің шығарындылары болмайды, азот тотығының және көмірқышқыл газы шығарындыларының деңгейі төмен».

Бұл ретте қазіргі уақытта пайдаланылып жатқан қазандық агрегаттары жаңғыртып, ЖЭО-2-ні көмірден газға ауыстыру арқылы оған жұмсалатын еңбек пен құн шығынын онтайландыру бойынша қайта құру нұсқасы таңдалды. Модернизациялау жұмыстары қоршаған ортаны күкірт оксидімен және күлмен ластауды шектеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде ауаға тарайтын азот оксиді мен көмірқышқыл газының мөлшері минимумға дейін азаяу тиіс.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мырза Instagram-дағы парақшасында бұл жобаның жоспар бойынша 2025 жылдың соңына дейін аяқталуы көзделетінін хабарлады.

Сонымен, Алматы қаласында зиян шеккен экологиялық ахуалды қалпына келтіруге қатысты іс-шаралар жігерлі түрде қолға алынатын жағдай.

Ал тоқегері айпақ болсақ, қоршаған ортаға зиял келтірмейді парыз деп санау қажет. Анығы – осы.



Ал енді ауыл шаруашылығы өнімдеріне келетік. Қазақстан бидайды көп қылып өндіретін мемлекеттердің қатарына кіреді. Бірақ сол Еуропалық Одақтың нарығы біз үшін жабық десе де болады. Өйткені біздің дихандарың оңдағы фермерлерге бекеселе болуын дамыған Батыс елдері қаламайды. Сосын дегенін істейді.

Қазақстан ауыл шаруашылығының потенциалы орасан зор. Сөйте тұра еліміздің ауылдық жерлерінде жұмыссыздық көп, даму деңгейі төмен. Өйткені Еуропа мен Ресейдегідей гөрі бізде егін және мал шаруашылығын жүргізуің жағдайы қиынырақ және өзіндік құны жоғарырақ. Бірақ еліміз үшін олар өте маңызды. Әсіресе, өткен тарихымызда небәрі екі-үш жылдың ішінде (1931-1933 ж.ж.) осы ауыл шаруашылығына қатысты сырттан танылған өзгерістердің кесірінен халқымыздың жартысына дейінгісі аштан қырылып, қалғаны тоз-тоз болып жан сауғалап, жан-жаққа тарап кеткенін ескерсек... Қазір XXI ғасырдың басы дегенмен, әлемде аштық жойылған жоқ. Жылына талай миллиондаған адам оның қорлығын көріп жатыр.

Қазақстандағы жағдай тіпті Ресейдегідей де емес. Ол елде қуаныштылық жоқтың қасы. Қалғанын былай қойғанда картоп көк келген дерлік жерде өседі. Және суару мен ағрықша күтімді онша қажет етпейді. Ал Қазақстанда мемлекеттің қомегінен немесе ірі-ірі агроөнеркәсіптік негізсіз ауыл шаруашылығын өлемдік бекеселестік деңгейіне ұстап отыру тіпті мүмкін емес. Бұны ескерген жөн.

Дегенмен, Қазақстан бидай өндіруші және экспорттаушы ретінде әлемдегі өз позициясын сақтап қалған. Басқаның емес, тап осының арқасында еліміздегі аграрлық сектор негізінен экономикалық сала ретінде өзінше сақталып отыр. Ал бұндай аз да болса қолайлы жағдайдың қалыптасуы мынадай екі себептің арқасында мүмкін болған. Біріншіден, ол – Қазақстанның мемлекет ретінде өзінің нарығын сырттан келетін аграрлық тауарға толық түрде және жергілікті өніммен тең құқықтауы негізде өзінше жол аша қоймауы. Екіншіден – мемлекеттің өз дихандарына аз да болса қолдау көрсетіп, тиісті жағдай жасауы.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

ОБЩЕСТВЕННОЕ СОГЛАСИЕ

(Продолжение,
начало в предыдущем номере)

Фактор второй. Еще, скажем, с середины позапрошлого века до почти конца прошлого века казахи составляли меньшинство практически во всех крупных городах Казахстана. В советское время их было больше представителей других народов только в двух областных центрах – в Атырау (тогда он назывался Гурьев) и Кызылорде. Как такая ситуация сложилась? Мы тут имеем в виду этническое демографическое положение, которое сформировалось в городах Казахстана в послевоенное советское время.

К 1959 году, когда проводилась первая после Великой Отечественной войны общесоюзная перепись, доля казахов в составе населения республик сократилась до рекордно минимального уровня – до 28 процентов. При этом их численность не сократилась, а наоборот, возросла.



Казахи и русские в Казахстане: Динамика их взаимоотношений в советский и постсоветский периоды

Главной причиной того, что их доля уменьшилась, явилось взятие руководством страны курса на превращение Казахстана в мощную аграрно-индустриальную республику. Именно в этот период началось освоение целины, стало возникать множество новых городов и поселков городского типа при вновь поднимающихся градообразующих индустриальных предприятиях. Именно тогда Казахстан твердо укоренился на позиции четвертой по экономическому потенциалу союзной республики. Все эти перемены и обусловили резкое изменение этнической демографической картины Казахстана. В эти годы представители русско-славянских и других европейских народов стали в республике по своим статьям неоспоримо ведущей общиной.

Практически все крупные и средние города, а также вновь возводимые города были тогда по составу населения и в культурно-бытовом отношении русско-европейскими городами. Коренное население со всей присущей ему атрибутикой занимало там периферийное положение. Конечно, доля его представителей в партийно-советском аппарате и особенно в узде уже тогда была достаточно большой.

КАЗАХСКАЯ ИДЕФИКС: ПЕРЕСТАТЬ БЫТЬ НА РОДИНЕ МЕНЬШИНСТВОМ

Но города были в целом русской жизненной средой. Даже в столице долгое время доля казахов была меньше 10 процентов.

Такая ситуация в городской среде в общем и целом сохранялась вплоть до начала 1990-ых годов. Но при этом после 1959 года доля казахов в составе населения неуклонно увеличивалась: в 1970 году – 32%, в 1979 году – 36%, в 1989 году – почти 40%.

А в Алматы за те же годы численность представителей коренного населения менялась в следующем порядке: в 1970 году – 80 тысяч (меньше 10 процентов от общего количества), в 1979 году – 150 тысяч (свыше 15 процентов), в 1989 году – 252 тысячи (меньше 25 процентов). Примерно так же менялась ситуация за этот период в городской среде Казахстана в целом.

В 1940-1980 гг. из областных центров, повторяем, только в Кызылорде и Гурьеве (ныне Атырау) казахи составляли большинство.

В дальнейшем давняя казахская идефикс о том, что надо перестать быть у себя на родине меньшинством, стала обретать реальные черты. Однако произошло это не столько за счет сохранения высоких темпов количественного роста коренного населения, сколько, в первую очередь, за счет резкого сокращения численности русско-славянских и других европейских народов в Казахстане. Да, за 1989-1999 гг. численность казахов в стране увеличилась на 1 миллион 488,1 тысячи или на 23 процента и возросла с 6 миллионов 496,9 тысяч до 7 миллионов 985 тысяч. Но этого оказалось далеко не достаточно только для дальнейшего увеличения населения страны в целом, но и даже для восполнения миграционных потерь. Потому что

за счет заметного увеличения смертности и сокращения рождаемости их коэффициент прироста за эти 10 лет уменьшился в 1,6 раза. Другими словами, коренное население страны все больше и больше приспосабливается к демографическим стандартам постиндустриального общества.

Особенно того, что такие коренные перемены уже необратимо и кардинально трансформировали образ жизни людей не только в городах, но и в стране в целом, меняет отношение казахского теперь уже большинства к сделавшемуся меньшинством русско-славянскому и русско-европейскому населению.

Сейчас города Казахстана перестали быть преимущественно рус-

МЕНЯЕТСЯ ВРЕМЯ – МЕНЯЕТСЯ И ОТНОШЕНИЕ

Нынешнее отношение казахов в целом к своим соотечественникам русско-славянского и русско-европейского происхождения характеризуется куда большей открытостью, чем в советское время. Тогда реальные обиды и недовольство первых вторыми выглядели - уж во всяком случае - достаточно весомыми. Но они говорили открыто, тем более, публично не приходилось. Нынешние обиды и недовольство – если они и есть - куда менее значительны.

Обратим, к примеру, внимание на один из тех вопросов, по которым казахоязычная и русскоязычная об-

еще в чем-то. Но тень по-прежнему падает на русскоязычных.

ГОСУДАРСТВЕННАЯ НЕЗАВИСИМОСТЬ СФОРМИРОВАЛА НОВЫЕ УСЛОВИЯ

Конечно, нельзя сказать, чтобы их (русскоязычных) такое положение не устраивало или чтобы они не способствовали сохранению такого положения. Но едва ли то, что большинство находящихся рядом с ними казахов, предпочитающих продолжать вести свои дела, основываясь больше на русском, чем на казахском языке, есть следствие одной только их воли и их, скажем, упорного настояния на своем. Однако есть то, что есть.

Этот пример говорит о том, что недолгие в русском, допущение того, что они могут испытывать к казахам какие-то недоброжелательные чувства и поступать в отношении тех, руководствуясь ими, так же, как это было прежде, в советское и еще царское время, так или иначе сохраняется. Но уже – определено в куда меньшей мере, чем тогда, десятилетия назад. Такая трансформация не в последнюю очередь происходит потому, что меняются и сами люди – как казахи, так и русские казахстанские. Изменяются и условия в среде их совместного обитания.

Можно сказать больше. Если раньше казахов в той или иной мере раздражала или, скажем, пугала чрезмерная многочисленность у них на родине людей русско-славянского и русско-европейского происхождения, то сейчас кое-кого из них, наоборот, начинает беспокоить или даже тревожит стремительное сокращение численности так называемого русскоязычного населения в Казахстане.

Сейчас, говоря о русском человеке как таковом, казах, прежде всего, указывает даже не на его временами более высокое профессиональное умение, а на то обстоятельство, что он более справедлив, чем, скажем, представители восточных и южных народов. И еще обращает внимание на то, что, даже русский бывает более нетерпим к несправедливости. Что оно в случае проявления несправедливого отношения к кому-либо или чему-либо не смолчит, а скорее всего, возмутится. И тем самым станет отстаивать не только свои права, но и права тех казахов, которые находятся рядом и по тем или иным соображениям предпочтут не высказываться.

Да, раньше среди казахов бытовало мнение, что в преимущественно русском коллективе и русском начальнике человек нерусского и неевропейского происхождения чувствует себя не в своей тарелке. Сейчас столь же многочисленное присутствие русских в такой же организации воспринимается ими же уже как наличие больших гарантий на то, что начальство не позволит себе неограниченного произвола. В сознании простого казаха сидит стереотип, что его соросток-начальник русских и вообще европейцев остерегается, даже если речь идет всего лишь о подчиненных ему людях. Он существует с советских времен. Такие суждения вытекают из опыта жизни.



ской жизненной средой. Но они при этом также перестали быть лидерами индустриального развития страны. Центр тяжести экономики Казахстана сместился к его редконаселенной и слабо развитой прежде западной части. Сейчас в полупустынных солончаковых нефтегазовых западноказахстанских участках и куется основное богатство страны. В самом же Западом Казахстане ни население особенно не увеличивается, ни города особо не растут.

Так что получается, что с изменением этнической демографической картины как в Казахстане в целом, так и в его городах изменился коренным образом и стиль жизни его населения. Теперь деньги главным образом куется в отдаленных окраинах, а тратятся же они в основном в больших городах и густонаселенных районах. В секторе реальной экономики роль первой скрипки в качестве руководителей и ответственных специалистов так же, как и прежде, по большей части играют представители не коренного населения. Но это уже не отражает русско-славянского и русско-европейского происхождения, а иностранцы из так называемого дальнего зарубежья.

Шестивость, как считается, приерживается противоположных позиций. Имеется в виду тема языка. Вернее, казахского языка. Или государственного языка. Проблема эта – давняя.

Никто, наверное, не станет спорить с тем, что Казахстан (а также, может, еще и Белоруссия и Кыргызстан) является чуть ли не единственной постсоветской страной, где собственный государственный язык в сфере общественной жизни и официальных отношений до сих пор используется в постыдно минимальной мере. В казахоязычной среде многие продолжают верить в то, что такое положение складывается как непосредственный результат сопротивления казахстанской русскоязычной общности мерам по укреплению позиции государственного языка в общественной и государственной жизни. Уже в русских-то даже в некоторых из наиболее русифицированных прежде городов Казахстана остается все меньше и меньше. Но все равно это как бы их вина, что даже в таких случаях большинство тамошних людей при общении в сфере официальных и правовых отношений продолжают отдавать предпочтение русскому языку. Может, тут дело в привычке. Может

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАНДАНДЫРУ ҚАЖЕТ

Үкіметтің кезекті отырысында егін шаруашылығында әртараптандыру жұмыстарын жандандыру қажеттігі айтылды.

Осы орайда ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров егіс алаңдарын әртараптандыру жоспарын орындамаған өңірлерді атады. «Қызылорда облысында күріш алаңын қысқарту жөніндегі көрсеткіш орындалмағанын атап өткен жөн. Мәселен, меморандумға сәйкес Қызылорда облысында 2020 жылы 75 мың гектарды құрауы тиіс еді, алайда нақты егіс алаңы 89 мың гектарды құрады. Яғни индикативтік көрсеткіштердің жыл сайынғы артуы 14 мың гектардан асады. Осыған ұқсас жағдай Алматы және Түркістан облыстарында да орын алуға, оларда көрсеткіштен артығы тиісінше 500 гектарды және 2,3 мың гектарды құрайды», – делі министр.

Сонымен қатар Түркістан облысында мақта алаңдарын қысқартудағы жоспарлы көрсеткіш орындалмағанын атап өтті. Атап айтқанда, билғы мақта егістігінің нақты көлемі меморандумға көзделгендегіден 16 мың гектарға артық. Сондай-ақ Қызылорда және Түркістан облыстарында бидай егістігін қысқарту көрсеткіші орындалмаған. Билы Қызылорда облысында бидай алқабы меморандумға көзделгеннен екі есе асып түсті. Түркістан облысы бойынша да осыған ұқсас жағдай орын алды, онда жыл сайын нақты алаң меморандумның индикативтік көрсеткіштерінен асады. «Бұл жерде Алматы облысы үлгі бола алады, онда бидай алаңы 11 мың гектарға азайған, осылайша меморандумның индикативтік көрсеткіші орындалған», – делі С.Омаров.

Ведомство басыпшы егіс алаңдарын әртараптандыру жұмыстарын министрлік тұрақты негізде үйлестіріп отыратынын, әкімдіктер асы бағыттағы жұмысты жандандыру қажеттігін атап өтті.

АГРОКЕШЕН

СУ УНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ПАЙДАСЫ МОЛ

Отүстік өңірлердегі егіс алқаптарында қанша су унемделеді?

Билғы вегетациялық кезең тұрақты өтті. «Дегенмен Алматы облысында қар жамылғысы өткен жақтармен салыстырғанда 35% аз болды. Іле өзенінің ағындылығы екі-үш есеге азайды. Ал суармалы жерлердің ауданы 2019 жылмен салыстырғанда 11% ұлғайды, – деп атап өтті экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев сессиябегі үкімет отырысында. – Күріш алқаптарына облыста пайдаланылатын судан он пайызы немесе жылына 350 млн текше метр су жұмсалды. Осыған байланысты күріш егісін қысқарту қажет деп санаймыз. Ал, унемделген судан есебінен 40 мың га ылғалды аз қажет ететін дақылдар егістігін суаруға мүмкіндік туады».

Билы Жамбыл облысында су көлемі орташа көпжылдық деректерден 15-20%-ға төмен болды. Трансшекаралық өзендерде су бөлу бойынша түзделген қиындықтарға қарамастан, вегетациялық кезең тұрақты өтті. Өңірде біртіндеп ылғалды аз қажет ететін дақылдарға көшу және су унемдеу технологиялары белсенді енгізу керек. «Түркістан облысында Сырдария өзенінің ағыны билы он бес пайызға, оның негізгі ресурсы болып саналатын Токтоғұл су қоймасының көлемі 2019-ға қарағанда 2 млрд текше метрге аз болғанымен, суармалы жерлерге судан жетпей қалу фактілері тіркелген жоқ. Мақтарал ауданында 4 мың гектарға күріш өсірілді. Оны қысқартқан жағдайда, 158 млн текше метр су унемделеді. Осы судан есебінен он үш мың гектар ылғалды аз қажет ететін дақылдарды суаруға болады», – делі министр.

Қызылорда облысында суармалы жерлер еліңді жалпы суармалы алаңының 16% құрайды. Осылай бола тұра, жалпы облыс бойынша ағын суға тақымсыз күрделі жағдай байқалды. Күріш егістігін ауданы 90 мың гектарды құрайды. Ал агромеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасына сәйкес, ол 75 мың гектардан аспауы тиіс, делі М.Мырзағалиев.

ЖОЛ КҮРЫЛЫСЫ

ОТЫЗЖЫЛДЫҚТАҒЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Билы елімізде 2 600 шақырым жолды көлік қозғалысы ашылды.

Елордада журналистермен кездесу барысында «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Ұлан Әліпов атап өткендей, билы елімізде пандемия келеріне қарамастан 2 600 шақырым автомобиль жолында көлік қозғалысы ашылған. «Бұл Туелсіздік жылдары ішіндегі рекордтық көрсеткіш саналады. Бұған дейін мұндай көлем орындалған емес. Осы уақытқа дейін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі санды ауқымды құрылыс жүргізіліп, сол кезде ары кеткенде 700 шақырым жол пайдалануға берілген», – делі ол.

Оның айтуынша, құрылыс маусымы кезінде жол салу жұмыстарына 35 мың адам, 15 мың жол-құрылыс техникасы жұмылдырылып, 81 асфальт-бетон зауыты және 79 тау уатқыш құрылы пайдаланылды. «Жыл қорытындысында біз 399 шақырым жолды пайдалануға беріп, 2 600 шақырым жолды көлік қозғалысы үшін аштық. Сонымен қатар 1 882 шақырым жол күрделі және орташа көлемді жұмыстармен қамтылды. Оның 1 061 шақырымында жоспарға сәйкес жұмыстарды аяқтадық», – делі Ұлан Әліпов.


Ғамғай САҒЫНБЕКОВА

Ахас ТАЖУТОВ

МӘДЕНИЕТ&SPORT

► **ҒЫЛЫМ: ХИМИКТЕР АИҒАСЫ**

Заманауи химия – бұл жүзлеген ғылыми бағыттарды, мыңдаған ғылыми мектептерді, ондаған мың химиялық зертханаларды, миллиондаған органикалық және биорганикалық қосылыстарды қамтитын жоғары деңгейде дамыған ғылым.



Бірақ бұл таза ғылым ғана емес, сонымен бірге қуатты химия өнеркәсібі. Қазіргі кезде химия сабақтас ғылымдармен, атап айтқанда, физикамен, биологиямен, минералогиямен, кристал-

Интеллектуалдық сайыс жеңімпаздары

логграфиямен тығыз қабысып кеткен. Заманауи химияның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі – өртүрлі сипаттағы матрицаларда иммобилизацияланған биологиялық катализаторларды, ферменттерді қолдана отырып, құнды заттарды ірі тоннажды қалдықсыз өндіру үшін шикізат пен энергияны түрлендірудің жаңа тәсілдерін жасау. Бұл міндеттерді шешу үшін еліміздің жоғары оқу орындарындағы химияның сан алуан салалары бойынша мамандарды даярлайтын факультеттерде мыңдаған студенттер білім алуа. Білім алушылардың білімін шыңдауға, жаптықтыруға, аналитикалық ойлау мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған бағдарламаларға негізделген интеллектуалдық сайыстарды ұйымдастырып, өткізудің маңызы зор.

интеллектуалдық сайыс онлайн режимінде өтті. Оған Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ден «Genius», М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-ден «Эффект», Шөкәрім атындағы СМУ-ден «Алхимия» мен «Аупт», М.Қозыбаев атындағы СКМУ-ден «Мрамор науки», К.А.Ясауи атындағы ХКТУ-ден «Виктория», Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінен «Қорқыт құрамысы», Абай атындағы ҚауҰПУ-ден «Элемент», Алматы технологиялық университетінен «ТехноАТУ», ал-Фараби атындағы ҚауҰУ-ден «Next generation» және «NG (noble gases)» командалары қатысты.

Сайыс қорытындысында бірінші орынды «Next generation» командасы, екінші орынды «NG (noble gases)» және «Қорқыт құрамысы» командалары, үшінші орынды «Genius», «Виктория», «Эффект» командалары иеленді. Интеллектуалдық сайысқа белсене қатысқан барлық командаларға ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры М.М.Бүргітбаевтың қолы қойылған сертификаттары табысты.

Жәния ЕШОВА,
физикалық химия,
катализ және мұнай-химия
кафедрасының доценті

► **ДҮБІРА ДОДА**

Бірнеше рет нокдаунға түсіріп...



АҚШ-тың Флорида штатына қарасты Холливуд қаласында кәсіпқой бокстан бірнеше жеке-жеке өтті. Қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин мен поляналық Камил Шеремета арасындағы жұдырықтау соқ кешінің басты оқиғасы болды.

Головкин 2004 жылы Афинада өткен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері атанған еді.

Өз кезегінде мексикалық боксшы Сауль Альварес Каллум Смитті жеңгеннен кейін болашақ жоспарларымен бөлісті. Чемпион болашақта отандасымыз Геннадий Головкинмен шаршы алаңда тағы бір мәрте кездесуі мүмкін екенін жоққа шығармады. Еске салсақ, бұған дейін мексикалық боксшы супер отар салмақты чемпиондық белбеулерін ұсын болған жеке-жеке қарсыласы Каллум Смитті жеңді.

Ал Лос-Анджелесте қазақстандық боксшы Мадир Әшкеев пен америкалық Чарльз Конуэлл арасында жеке-жеке өтті. Аталмыш жеке-жеке деген соқ боксшы да жеңіліп қорғемген болатын. Мадир Әшкеев алығны жеке-жеке 2019 жылдың қарашасында өткізген. Ол кезде жерлесіміз бесінші раундта аргентиналық Родольфо Мартинесті жеңген еді.

Айта кетерлігі, Геннадий

► **БАЙҚАУ**

Жетісудың үздік журналистеріне «Самғау» сыйлығы табысты

Б.Римова атындағы Алматы облыстық драма театрында «Самғау» журналистер премиясының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Ақпарат аламында тон жарған журналистерді Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Әли арнайы құттықтады.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Келесі жылдан бастап Алматы облысы әкімінің журналистерге арналған «Самғау» сыйлығына белгілі тележурналист Бейсен Құранбектің құрметіне арнайы номинация қосылды. Бұл туралы биылғы жылдың жеңімпаздарын марапаттау кезінде айтылды.

Салтанатты шара өңір журналистері туралы бейнеролик көрсетуден басталды. Роник биылғы жылы өмірден өткен Бейсен Құранбек, Ғалым Жазылбеков, Гүлжин Сүлейменовна сынды журналистерді бір минут үздіксіз еске алумен аяқталды. Марапаттау салтанатында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли облыс әкімінің тапсырмасымен келесі жылдан бастап «Самғау» конкурсына Бейсен Құранбектің құрметіне 12-ші номинация қосылғанын айтты. Сол сияқты облыс басшылығы тарапынан тілшілер қауымының жұмыс істеуіне мүмкіндігіне қолайлы жағдай жасалып отырғанын тілге тиек етті.

– Құрметті журналистер, об-



лыс әкімінің атынан осы залға жиналған баршаның да Тауезісуізік күнімен және облыстық конкурстық жүлдегер болуларыңызбен құттықтаймын. Қоғам үшін атқарып жүрген еңбектеріңізге рахмет айта отырып, алағыз уақытта да шығармашылық табыстар тілеймін, – деп Р.Әли.

Биылғы жылы конкурсы қатысуға 11 номинация бойынша 118 өтініш түскен. Әр номинацияға 3 жеңімпаз анықталды. Ал «Облыс журналистикасына қосқан үлесі үшін» номинациясында 1 жүлдегер белгіленіп, ол «Спорт» газетінің Алматы облысындағы тілшісі, журналистика ардагері Мәулетхан Ақсанға берілді.

Байқау өтіп келе жатқан 3 жылдың ішінде конкурста 600-дей өтініш қаралып, 81 номинант анықталған.

Атап айтқанда, биылғы жылы «Үздік журналист» ретінде «Айқын» газетінің облыстағы меншікті тілшісі Болат Абаған марапатталса, «Үздік тележурналист» – «Жетісу» телеарнасының редакторы Саня Байтарова, «Үздік оператор» – «Жетісу» телеарнасының операторы Шалқар Құсайынов, «Үздік фотограф» – «Заман жаршысы» газетінің фототілшісі, «Үздік желілік басшы» Kargasinfo.kz деп таңдалды.

Алматы облысының тыныс-тіршілігі туралы материалдары үшін республикалық БАҚ журналистері де марапатқа ие болды. Олардың арасында «Егемен Қазақстан» газетінен Қалмаханбет Мұхамбетқали, «Қазақстанская правда» газетінен Әсет Қалымов, «Алтын Ора» ақпараттық порталынан Серік Мәлеев бар.

Сол қатарда баспа басымдарының дизайнерлері, монтажгерлер, блоггерлер мен аудандық, қалалық басымдардың журналистері де болды.

Олардың әрқайсысына арнайы статүэтқалар, дипломдар мен 200-ден 500 мыңға дейінгі ақшадай сертификаттар берілді.

Лауреаттар атынан Мәулетхан Ақсан, Шалқар Құсайынов, Айнуір Төлеу сөз сөйлеп, тілшілер қауымына жасалып отырған мүмкіндіктер үшін ризашылықтарын білдірді.

Атап өтсек, Алматы облысында өткен жылмен салыстырғанда өңірлік БАҚ-ты қаржыландыру 25% өсіп, Журналистер үйінің материалдық-техникалық жабдықталуы жақсартады. Қазіргі кезде облыстық «Жетісу» телеарнасы шифрлы форматта 87 станса арқылы облыстың барлық елі мекендерін 100% қамтып отыр. Заманауи студиялар жабықталды, іске қосылды, олардың үнемі жаңаланып алатын 600 шаршы метр болады. Журналистердің біліктілігін көтеру, тәжірибе алмасуға да көп көңіл бөлінді. Облыс әкімінің тікелей қатысуымен облыстық және республикалық БАҚ өкілдері үшін Германия, Сингапур, Латвия, Грузия, Украина, Татарстан сияқты бірқатар елдерде блог-турлар ұйымдастырылды. Бұл өз кезегінде түрлі елдердің БАҚ өкілдері арасында екі жақты байланыстарды дамытуға мүмкіндік берді.

► **ТАҒЫМ**

Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алысын кемеңгерді?!

Шәмші әлемін кенінен насихаттау, замандастары мен өнердегі ізбасарларын композитордың туған топырағына шақыру мақсатында Түркістан облысы әкімдігі мен Тұран экспресс компаниясы бірігіп, қазақтың бір топ зиялыларына, БАҚ саласында жұмыс істеп жүрген қаламгерлерге арнайы «Шәмші Қалдаяқов» понызымен бір күндік сапар ұйымдастырды.

НУРЛАН ҚҰМАР

Түркістан қаласындағы «Ақжайық» музыка мектебінің алдында Шәмші Қалдаяқовтың ескерткіші қойылды. Ескерткіштің ашылу салтанатына облыс әкімі Әмірзақ Шөкеев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Әлімжан Құртаев, Халықаралық «Алаш» өдебі сыйлығының лауреаты Көпел Әмірбек, музыкалық продюсер Қалдыбек Құрманалиев, Алматыдан «Ш.Қалдаяқов» поэзиямен арнайы келген қоңақтар, зиялы қауым өкілдері мен журналистер қатысты.

«Түркістан облысы – қазақ даласына қаншама дарындарды сыйлаған киелі мекен. Өнімен кең даланы тербетіп, Қазақ балысның қоралы атанған, Қазақстан Республикасы Әнұранының авторы Шәмші Қалдаяқовтың туғанына биыл 90 жыл толып отыр. Отырарда туып, ол падишасы атанған, қайталанбас дарын несінің есімін ұлықтау – бізге артылған абыройлы міндет. Түркістан қаласының жаңа орталығында бой көтерген композитордың ескерткіші – облыс жұртышығына, қазақ еліне мереке қарсаңында тамаша тар-

ту болып отыр», – деп Түркістан облысының әкімі Әмірзақ Шөкеев.

Қоладан құйылған ескерткіштің биіктігі – 2,5 метр, ұзындығы – 3,5 метр. Авторы – Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері, кәсіби шебер мұсінші Тілеуберді Бинашев. Ескерткіш демеушілер есебінен жасалды.

Композицияға келер болсақ, бұл – Қалдаяқовтың шығармашылық ой үстіне отырған сөгі. Сазгер бейнесінің жас жеткіншектері өнерге, мәдениетке баулитын «Ақжайық» музыка мектебінің аудалында бой көтеріп – зандылық. Халықтың суретке түсінуі, жақынарақ келіп көрінуі ыңғайлы.

Заманауи үлгіде салынған «Ақжайық» музыка мектебінде 120 бала өнердің 18 түрінде дәрід ала алады. Атап айтқанда, мұнда оқушыларды домбыра, фортепиано, скрипка, баян, саксафон, кобыз, гитара, ұрмалы аспаптар, вокал, жетіген, кинофон, литавра сияқты музыкалық аспаптарда ойнауға баулиды. Қазіргі таңда, аталған сынпаптар дарынды балаларды іріктеу арқылы қабылдау жұмыстары басталып кетті. Мектепте жас өнерпаздарға консерватория түлектері ұстаздық етеді. Яғни, кәсіби музыкалық білімі мен шеберлігі жоғары мамандар мұғалім ретінде қабылданады. Келешекте үлгерімі жақсы оқырлардың жоғары деңгейлі оркестр құрылатын болады.

Қос қабаттан тұратын сәулетті ғимарат музыкалық аспапта сабақтар өтуге барынша лайықталған. Мәселен, мектептегі барлық оқу сынптары әктустикалық заңдылықтары сабақ жабдықталып, әрбір сынып



тарға дербес компьютерлер мен интерактивтік тақталар орнатылған. Одан бөлек, өнер ордалында арнайы оркестр, хор класстары мен конференция залдары және 350 орындық үлкен концерт залы қарастырылған.

Қазақ руханиятының жандануына өлшеусіз үлес қосып, бүкіл қазақ жерін тербеткен Шәмші бейнесі жас өнерпаздарды ізгілікке бағыттауын бағдар болары сөзсіз. Түркі жұртының рухани атанасы – Түркістан қаласында дарынды тұлғалардың есімі ұлықталды – қазақ руханиятындағы ілкімі істің бірі.

Айта кету керек, бұдан екі жыл бұрын Түркістан облысына қарасты Отырар ауданында вальс қоролінің құрметіне «Шәмші» саябағы ашылған болатын. Қара топырағында табағының ізі қалған, өз есімімен аталатын аудалда ел игілігіне берілген сабақ түрінде аса көрнекті сазгер, музыканың өгілі майталманы, Қазақстан мәдениетіне енебегі сінген қайраткер, Қазақстанның

халық әртісі Шәмші Қалдаяқовтың есімі ескерткіші бой көтерді. Саябақтың ашылу салтанатында аудан әкімі Ерлан Алтайханов ауыл тұрғындарын құттықтап, композитор сабағы мен ескерткіштің лентасын қиғанд еді. Аумағы атшаптырғын демалыс орны ою-өрнекті қоршаумен бекітіліп, қылқан жабырақты 100 түп ағаш және жергілікті климатқа бейімделген 600 түп қара ағаш отырғызылған. Әлемі аяқ қолдардың бойына 14 орындық қойылдып, келушілердің демалуына жағдай жасалды. Жауын мен ыстық күннен қорған болатын 4 ратон да сабақтың жері кінгізді. Сол кезегі шарала мемлекеттік қиын авторы құрметіне бой көтерген ыңсанға ауыл қариялары жүрежарды жабырақтын айтып, ақ батасын берді. Одан өрі салтанатты шарала ұлы сазгердің балалық шағынан қоріністер кетіліп, қазақ даласын өмір тербеткен сазгердің өңдері шырқалған болатын.

КАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ
Құрылтайшы және шығарушысы: «КАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖАУАПҚАЛДЫЛЫҚ ШЕКТЕУІ СЕРТЕКТЕСІ

Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы

ШӘМШИНИН ПАТТЕЕВ
Қайыратуы Белмесі 272-87-30
жарыма белімі 267-00-44
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR

Бас редактор
АКСАТҰЖОВ

Бас редактордың орынбасары – журналист
РЫМЫС САҒЫНБЕКОВА

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРЖИҚЫЗЫ, Истан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР
Бетшеуі: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері:
Ақтөбе облысында: Жанғабұл Қабажбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектур Телуғалиев 8 701 774-2141

Газеттің терілуі мен бет қатпауы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Оффсеттік басылған.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДИМАНОВ Саркынғали
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани

НҮРСЕЙІТ АЙТҚАЛИ
САҒАДИЕВ Қымылғали
САЛПАСЕВ Әбжанқали
САТЫБАЛДИН Сағындық
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1253.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәур» РТБҚ ЖШС-да басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17. Үл.
Тел.: 273-50-53.

МЕМЕН ЖАЙЫЛЫ:
050013, Алматы қаласы,
Жетісу ауданы,
175-А қыстау,
463-Бөлек (Төлеулер)
тел.: 272-04-84

404-Бөлек (Біреулер)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomika@mail.ru
www.tengemonitor.kazgazeta.kz
tenge@tenge.kazgazeta.kz
tenge@kazgazeta.kz

Рымыс САҒЫНБЕКОВА

«Тенге Monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-ға тиесілі, жарияланған мәтін мен пікір редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қыздарының білдірілгенді.